



ҚазТрансГаз

ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОР • НАЦИОНАЛЬНЫЙ ОПЕРАТОР

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
ГODOBOY OTЧET
ANNUAL REPORT

2016



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ
ҚУАТЫ



ЭНЕРГИЯ
ВЕЛИКОЙ СТЕПИ



ҚазТрансГаз

ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОР • НАЦИОНАЛЬНЫЙ ОПЕРАТОР

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2016



ҚазТрансГаз

ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОР • НАЦИОНАЛЬНЫЙ ОПЕРАТОР



*Ұлы
Даланың
қуаты*

«ҚазТрансГаз» АҚ миссиясы – Халықтың өмір сапасын жақсартып және әлемдегі әріптестікті нығайта отырып, еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.





Құрметті «ҚазТрансГаз» АҚ-ның акционерлері мен әріптестері!

«ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ компаниялар тобына кіреді және елдегі ұзындығы 18 мың км астам 160 млрд. текше метрге дейін жылдық өткізу қабілетімен магистральдық газ құбыры желілерін, ұзындығы 45 мың км. астам газ тарату құбырлары желісін бақылайды. Оларда 322 газ айдау агрегаты орнатылған 31 компрессорлық станцияның іркілссіз жұмысын қамтамасыз етеді, 3 жерасты газ қоймасына қызмет көрсетеді.

Сіздердің назарларыңызға «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамының 2016 жылғы қызметі туралы жылдық есепті ұсынамыз. Онда өндірістік қызметтің негізгі қорытындылары мен бағыттары белгіленіп, бизнесті жүргізудің, әлеуметтік және кадрлық саясаттың қағидаттары қалыптастырылып, өткен жылғы экономикалық және әлеуметтік салалардағы ілгерілеу белгіленді. Өткен 17 жыл ішінде газ және газбен жабдықтау саласындағы Ұлттық оператор газ көлік саласында едәуір табыстарға қол жеткізді, газ көлік желілерін қайта құру және жаңғырту жөнінде қажырлы жұмыс атқарылды, жаңа жобалар игерілуде, жалпы алғанда қызмет көкжиегі кеңейтілуде.

«ҚазТрансГаз» АҚ өткен жылды оңтайлы көрсеткіштермен аяқтады. Осылайша 2016 жылдың қорытындысы бойынша магистральдық газ құбырлары бойынша газ тасымалдау көлемі 88,1 млрд. м³ құрады: оның ішінде халықаралық транзит көлемі 58,3 млрд. м³. Өндірістік көрсеткіштер газды өңірлік тасымалдау бөлігінде де, сондай-ақ газбен жасалатын сауда операциялары бөлігінде де орындалды. Тұтастай алғанда «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобымен мемлекеттік бюджетке 27,8 млрд. теңге салық және басқа да міндетті төлемдер төленді. Компаниямен ауқымды жобалар, оның ішінде халықаралық жобалар табысты іске асырылды, қазіргі заманғы технологиялар енгізілуде. 2016 жылы Қазақстанның газ тасымалдау жүйесінің қуатын кеңейту бойынша маңызды объектілер пайдалануға енгізілді: «Қазақстан-Қытай» МГҚ «С» желісінің № 4 және № 8 компрессорлық станциялары өндіру қабілетін жылына 20 млрд м³ дейін жеткізе отырып пайдалануға енгізілді. Газды Қашаған, Теңгіз және Қарашығанақ батыс кен орындарынан «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ жүйесі бойынша ҚР оңтүстік облыстарының бағытына тасымалдау басталды. «Ақыр-Төбе» сығымдау компрессорлық станциясы пайдалануға енгізілді, ол жылына 2 млрд м³ дейінгі көлемде газ беру мүмкіндігімен БГА-ТБА МГҚ-дан «Қазақстан-Қытай» МГҚ-ға, кейін ҚХР-ға газ экспорттай алатын болады. Ресей сарапшыларының талдамалық зерттеулерінің нәтижелері бойынша, Қазақстанның газ тасымалдау жүйесі Орталық Азия өңірінде ең үздік болып танылды.

Мемлекет басшысы Ұлттық оператордың алдына натқы ұзақ мерзімді мақсаттар қойды. Бізде алға қойылған мақсаттарды табысты жүзеге асыру үшін барлық қажетті әлеует бар: жоғары кәсіби және бастамашы кадрлар, байыпты инвестициялық әлеует, мықты әрі серпінді дамып жатқан материалдық-техникалық база. Ал бұл дегеніміз, Қазақстанның газ тасымалдау күретамыры, бұдан былай да біздің елдің өспелі экономикасының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін болады. Біздің басты құндылық – бұл адамдар, біздің миссия – әрбір үйге жылу мен жылылық сыйлау. Сондықтан көп мыңдаған газшылар ұжымы, тыным таппай жұмыс істеп, «Ұлы дала энергиясын» қазақстандықтардың игілігіне айландыратын болады.

Қ. Шәріпбаев
«ҚазТрансГаз» АҚ
Директорлар кеңесінің Төрағасы

Р. Сулейманов
«ҚазТрансГаз» АҚ
Басқарма Төрағасы

Компания туралы

«ҚазТрансГаз» компаниясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 ақпандағы №173 қаулысына сәйкес құрылған, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II Заңына сәйкес «ҚазТрансГаз» жабық акционерлік қоғамы «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы болып қайта аталған. 2004 жылғы 09 маусымдағы №13898-1901-АҚ заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігін Астана қаласының Әділет департаменті берген.

Қазақстан Республикасының газ саласы, одан әрі даму үшін айтарлықтай әлеуетке ие, ол болашақта Қазақстанды табиғи газдың жетекші өндірушілерінің қатарына шығаруға мүмкіндік береді. «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы, еліміздің және дүниежүзінің газ нарығында мемлекеттің мүдесін білдіретін, Қазақстан Республикасының газбен жабдықтау саласындағы ірі компания болып табылады.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы АҚ оның Жалғыз акционері болып табылады. «ҚазТрансГаз» АҚ табиғи газды магистральдық газ құбырлары бойынша тасымалдауды басқарады, ішкі және сыртқы нарыққа газ өндірумен, сатумен айналысады, құбыр жолдары мен газ сақтау қоймаларын әзірлейді, қаржыландырады, салады және пайдаланады.

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі №914 қаулысына сәйкес «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор болып айқындалды.




Есепті кезеңде ҚазТрансГаз компаниялар тобына
13 еншілес және тәуелді компания кіреді,
олар мынадай бизнес-бағыттар бойынша берілген:




«ҚазТрансГаз» АҚ позицияларын бағалау және 2016 жылғы қорытындылар бойынша даму перспективалары

Вр¹ деректері бойынша барланған табиғи газ қорлары бойынша (0,9 трлн. м³) Қазақстан әлемде (жалпы әлемдік қордан 0,5%) 25 орын алады. ҚР пайдалы қазбалар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы шығарылатын газ қорын 3,9 трлн. м³ деңгейінде, оның ішінде ерігені - 2,6 трлн. м³ және еркіні - 1,3 трлн. м³ етіп бекіткен.

ЕЛДЕР БОЙЫНША ТАБИҒИ ГАЗДЫҢ РАСТАЛҒАН ҚОР КӨЛЕМІ, трлн. м³



КЕН ОРЫНДАРЫ БОЙЫНША ГАЗДЫҢ ШЫҒАРЫЛАТЫН ҚОРЫН БӨЛУ, %



Қазақстандағы газ ресурстарының негізгі бөлігі ірі өңделетін немесе өңдеуге арналған кен орындарын дайындауға, оның ішінде мұнай – Теңіз, Қашаған, Королевское (Атырау облысы), газ конденсаты – Қарашығанақ (Батыс Қазақстан облысы), Жаңажол, Урихтау (Ақтөбе облысы) және басқаларға шоғырланған.

ҚР өнеркәсіптік санаттағы бос газ қоры 70-тен астам газ, газ конденсаты және мұнай-газ кен орындарында барланды. 30-ға жуық кен орны өңделуде, олармен өнеркәсіптік санаттағы 86% болатын газдың бастапқы қоры байланысты. Осыған қарамастан, аталған кен орындарының айтарлықтай бөлігі газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесіне (бұдан әрі – ГЖБЖ) қосылмаған: 215-тің 15-і ғана (шамамен 7%) ГЖБЖ-ға қосылған.

Қазіргі уақытта «Амангелді Газ» ЖШС, 2000 жылғы 12 желтоқсандағы көмірсутек шикізатын бірлесіп барлауға және өндіруге арналған келісімшарттың негізінде, Жамбыл облысында Амангелді газ кен орындарының тобын игеруді жалғастыруда.

01.01.2017ж. жағдай бойынша шығарылатын табиғи газ қоры: Амангелді кен орнында 9 053,6 млн. текше м., Жарқұм кен орнында 795,1 млн. текше м. және Айрақты кен орнында 5 233 млн. текше м. құрайды.

Дегенмен, газ қоры мен өндіру көлемдері бойынша ҚР нарығындағы ҚазТрансГаздың ұстанымы әлсіз болып табылады және оның үлесі шамамен 1–2%-ды ғана құрайды.

¹ Ақпарат көзі: British Petroleum Statistical review of world energy June 2016

Осыған байланысты, ҚР энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, «ҚазТрансГаз» АҚ ілеспе мұнай газын өндіретін жер қойнауын пайдаланушыларды ГЖБЖ-ға қосуды сыни маңызды міндет деп таниды.

Қазақстан Республикасының газ секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының газ секторын кезең-кезеңмен реформалау және кешенді дамыту пайымы мен негізгі тәсілдерін айқындайды, газдың дәстүрлі ресурстарынан басқа, Қазақстанның көмір қабаттары метан барлау және өндіру бойынша едәуір әлеуетті көздейді. Көмір қабаттары метанын барлауды және өндіруді ұйымдастыру бойынша Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын (Жол картасын) орындау үшін, «ҚазТрансГаз» АҚ «Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттары метанын өндіру» инновациялық инвестициялық жобасының шеңберінде көмір қабаттары метанын геологиялық барлау жөніндегі жұмысты жүргізуде.

Қазақстан үшін перспективті транзиттік бағыттардың бірі табиғи газды өткізу қабілеті жылына 30 млрд. текше м болатын және МГҚ қуатын 2017 жылы 55 млрд. текше м ұлғайтуды жоспарлап отырған (С желісі бойынша компрессорлық станцияларын іске қосуды ескере отырып) «Қазақстан – Қытай» МГҚ болып табылады. Бүгінгі күні бұл еліміздің мұнай-газ саласындағы ірі инвестициялық жоба.

10 млрд. текше м дейінгі өткізу қабілетін қамтамасыз ететін «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ салу жобасы, Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін арттыруға ықпал ететін болады және еліміздің батыстағы газ өндіретін өңірлерінен газды оңтүстікке жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, осылайша, өзбек және түркімен газына деген тәуелділікті төмендетеді. Жобаны іске асыру Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарының солтүстік аудандарының бұрын газдандырылмаған аумақтарын газдандыруды жалғастыру мүмкіндігін білдіретін оң мультипликативті әсер береді, сондай-ақ экспорттық бағыттарды кеңейтеді.

Газ көлігі магистральдық газ құбырларының (МГҚ), компрессорлық станциялардың (КС), газдың жерасты қоймасының (ГЖК) жүйелерін, сондай-ақ тарату газ құбырларын қамтиды.

Жиынтығында ҚазТрансГаз компаниялар тобы жалпы ұзындығы шамамен 63 мың км. болатын газ құбырларын, оның ішінде 18 мың км магистральдық және шамамен 45 мың км. тарату газ құбырларын пайдаланады.

Бүгінгі күнге ҚР 14 облысының 10-ы газдандырылған, газдандыруда облыс орталықтары басымдық алған. 2016 жылы ҚР халқын газдандырумен қамту деңгейі 45% құрады.

ҚАТЫСУ КАРТАСЫ




2015-2030 жылдарға арналып бекітілген Газдандырудың бас схемасы жаңа газ құбырларын кең ауқымды салу арқылы ғана емес, әйтсе де республика өңірлерін газдандырудың баламалы және ұтымды көздердің іздеу арқылы да Қазақстанның ішкі тұтынушыларын қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға бағытталған. Бұған қоса, сұйытылған табиғи газбен өңірлерді газдандыруды ынталандыру және дамыту шеңберінде мотор отыны ретінде газды пайдаланатын көлік құралдары үшін ынталандыру шаралары қарастырылатын болады.

Көмірсутекті ішкі және сыртқы нарыққа жеткізудің көпвекторлық қағидаттарына сүйене отырып, Қазақстан табиғи газды транзиттеу және экспорттық жеткізу бойынша барлық экономикалық тұрғыдан тиімді маршруттарды дамытуға ұмтылады. Бұл ретте іргелес жатқан елдермен келісілген энергетикалық саясатты жүргізу Қазақстан үшін маңызды болып табылады, себебі транзиттік-экспорттық бағыттар олардың аумағынан өтеді.

Ішкі тұтыну өсімін және қайта айдаудың айтарлықтай көлемдерін ескере отырып, Қазақстанның экспорттық газ әлеуеті әлі де аздау. Экспорттық жеткізулердің маңызды өсімі газды кері айдау көлемдерін азайту есебінен мүмкін болмақ, ол солай болғанымен кен орындарын игеру технологиялық схемаларымен көзделмейді.

2016 жылы Қазақстанның газ және газбен жабдықтау саласындағы «ҚазТрансГаз» АҚ үлесі төменде келтірілген кестеде берілген:



«Газ және газбен жабдықтау туралы» ҚР Заңына сәйкес Ұлттық оператор – «ҚазТрансГаз» АҚ ҚР-ның жер қойнауын пайдаланушыларынан шикі және тауарлық газды сатап алуға мемлекеттің артықшылықты құқығын жүзеге асырады.

2016 жылғы 1 шілдеден бастап ҚР Энергетика министрлігі ішкі нарықта тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын бекітті.

Қазіргі уақытта Ресей Федерациясына жіберу қазақстандық газды экспорттау үшін негізгі өткізу нарығы болып табылады. «Бейнеу–Шымкент» газ құбырының толық жобалық қуатқа шығуымен қоса ҚХР-ға жаңа экспорттық газ жіберу жолы ашылады.

2016 жылғы оқиғалар

 Компания оқиғалары

 Аяқталған жобалар

 Өткізілген жұмыстар

 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 қаулысын орындау үшін «ҚазТрансГаз-Алматы» АҚ-ны «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-на қосу жолымен ол қайта құрылды.

 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 қаулысын орындау үшін «Қайрат» футбол клубы» ЖШС-ның жарғылық капиталындағы «ҚазРосГаз» ЖШС-ның 70% қатысу үлесі іске асырылды.

 Шетелдік мемлекеттердегі Өкілдіктерді жабу туралы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ тапсырмасына сәйкес (14.01.2016 ж. шығ. №15-1-11-05/108), «ҚазТрансГаз» АҚ-ның Ресей Федерациясы Мәскеу қ. Өкілдігі жабылды.

 «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ-ның 2016 жылғы 04 тамыздағы №15-Р хаттамасына сәйкес Астана қ. орналасқан «5000 орындық Жекпе-жек сарайының» бітпеген құрылысының объектісі «ҚазТрансГаз» АҚ-нан алып объекті құрылысын аяқтау үшін «ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС-на берілді.

 «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ тобы бойынша компанияларды оңтайландыру және құрылымын қысқарту жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, «Самұрық-Қазына» КУ ЖМ қатысушылары құрамынан шығу жүргізілді.

 ҚТГ-ға «Жасампаздыққа ұмтылу» EFQM сертификаты берілді.

 ИОА мен Европалық Қайта құру және Даму Банкі арасында \$220 млн. және 19 млрд. теңге сомасына КТГ кепілдік бере отырып Кредиттік келісімге қол қойылды. Оның мақсаты: жақсартылған шартпен қайта қаржыландыру (қаржылық шығындар бойынша үнемдеу жылына \$2 млн. сома), «Бозой» ГЖҚ қайта құру» инвестициялық жобасын қаржыландыру.

 ҚТГА мен Европалық Қайта құру және Даму Банкі арасында 20 млрд. теңге сомасына КТГ кепілдік бере отырып Кредиттік келісімге қол қойылды. Мақсаты: Қазақстан Республикасының өңірлерін газдандыруды қаржыландыру.

Осыған қоса, Европалық Қайта құру және Даму Банкі (ЕҚҚЖДБ) мен ҚазТрансГаз республиканың жасыл экономикаға көшу жөніндегі бастаманы қолдауға күшімізді біріктіру туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Өзара түсіністік туралы меморандумға сәйкес әріптестер газ көлік секторында энергия тиімділігін арттыру үшін мүмкіндіктерді бірлесіп қарастыруға келісті. Энергияны тиімді әрі үнемді пайдалану және шығынды азайту энергетикалық тұрғыдан қамтамасыз етілуді арттыруға, сондай-ақ парниктік газ шығарылымдарын азайтуға ықпал ететін болады.


 ҚТГА мен Европалық Қайта құру және Даму Банкі арасында \$7.7 млрд. тенге сомасына КТГ кепілдік бере отырып «Ақтөбе облысының газ тарату желілерін жаңғырту және салу» инвестициялық жобасын қаржыландыру үшін Кредиттік келісімге қол қойылды. ҚТГ Қазақстанның өңірлерін газдандыру жөніндегі әлеуметтік жобалардың іске асырылуын, қолда бар газ құбырлары мен тарату желілерін жаңғыртуды және жаңаларын салуды қамтамасыз етеді. Осы үшін газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор өз қаржысын қоса алғанда, сондай-ақ инвесторларды тарта отырып, қаржыландырудың бірнеше көздерін қолданады.

 ҚТГА облигацияларын ҚТГ пайдасына топшілік орналастыру. Мақсаты: инвестициялық жобаларды шоғырландырылған қарыз деңгейін ұлғайтпай 7.6 млрд. теңге сомасына қаржыландыру.

 ИОА еврооблигацияларын \$142.2 млн. сомаға кері сатып алу жүзеге асырылды. Мәміле бойынша (депозиттерді ашпауды ескере отырып) \$7 млн дейінгі мөлшерде үнемдеу қамтамасыз етілді.

 Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы сәуірде қол қойылған Заңының шеңберінде қолданыстағы салық және инвестициялық преференцияларды алу бөлігінде көмір қабаттарынан метан өндіру қызметін мемлекеттік қолдау бекітілді.

-  «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ-ның «Бейнеу-Бозой» (0-311 км) учаскесінде желілік бөліктің құрылысы аяқталды, учаске пайдалануға 2016 жылғы 30 желтоқсанда қабылданды;
-  «Қазақстан-Қытай» МГҚ «С» желісінің №4 (пайдалануға қабылдаудың 2016 жылғы 3 тамыздағы актісі) және №8 (пайдалануға қабылдаудың 2016 жылғы 10 тамыздағы актісі) компрессорлық станциялары пайдалануға енгізілді, өткізу қабілеті жылына 20 млрд.м³ газға дейін жеткізілді;
-  БГА-ТБА МГҚ-дан «Қазақстан-Қытай» МГҚ-ға жылына 2 млрд м³ дейінгі көлемде газ беру мүмкіндігімен және кейін газды ҚХР-ға экспорттай алатын «Ақыр-Төбе» сығымдау компрессорлық станциясының құрылысы аяқталды.
-  «Шымкент қаласының газ тарату желілерін қайта құру және жаңғырту» 2016 жылы 245,7 км газ құбыры салынды, оның ішінде орта қысымды – 146,8 км, төмен қысымды – 98,9 км, газ реттеуші блокті пункт – 5 бірлік (бұдан әрі - ГБП), газ реттеуші шкафты пункт – 4 605 дана (бұдан әрі - ШП) орнатылды, 6 575 абонент қосылып, қайта қосылған.
-  «Қызылорда облысының елді мекендерін газдандыру» 6,3 км газ құбыры салынды, жалпы құрылыс жұмыстары орындалды (газ құбырларына арналған автотас жолдары арқылы өтетін сүйеу құрылғылары мен өтпелдер), орта және төменгі қысымды газ құбырларын монтаждау, таттануға қарсы жабындар, 2016 жылы шамамен 9 100 абонент газға қосылды.
-  «Тараз қаласының газ тарату желілерін жаңғырту» жобасы бойынша 79,48 км газ құбыры салынды, оның ішінде полиэтиленді – 59,39 км, болат – 20,09 км. 526 шкафтық пункттер орнатылды, 589 абонент қайта қосылды.
-  «Маңғыстау облысының газ тарату желілерін жаңғырту, қайта құру және жаңасын салу» 304 км газ құбыры салынды, оның ішінде жоғары қысымды – 129,2 км, орта қысымды – 8,7 км, төменгі қысымды – 166,1 км. Газ реттеуші шкафты пункт – 11 комплект (бұдан әрі – ГРШП), ГБП – 3 дана орнатылды, 588 абонентке газ берілді.
-  «Ақтөбе облысының елді мекендерін газдандыру және газ тарату желілерін жаңғырту» 335,9 км газ құбыры салынды, оның ішінде жоғары қысымды – 67,5 км, орта қысымды – 49,6 км, төменгі қысымды – 218,8 км. Автоматты газ тарату станция – 2 бірлік орнатылды, ГРШП – 101 дана, ГБП – 8 дана, 1 131 абонентке газ берілді.
-  «Қостанай облысының елді мекендерін газдандыру» 60 км газ құбыры салынды, оның ішінде жоғары қысымды – 6,8 км, төменгі қысымды – 53,2 км. ГРБП – 4 дана орнатылды, 49 абонентке газ берілді.



Стратегиялық мақсаттары


«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының стратегиялық мақсаттары

2016 жылғы 31 наурызда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен 2025 жылға дейінгі кезеңде сандық және сапалық көрсеткіштерді белгілейтін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2025 жылға дейінгі жаңартылған ұзақ мерзімді стратегиясы бекітілді.


ҚТГ стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және онымен байланысты міндеттерді шешу еліміздің газ және газбен жабдықтау саласын дамытуға қатысудан Қазақстан Республикасы үшін барынша пайда табуды қамтамасыз етеді.

ҚМГ-ның 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ


- Газ тасымалдау және маркетинг бизнес-бағытының рентабельділігін арттыру;
- 2030 жылға қарай газ өткізуді 18 млрд. текше м. дейін арттыру;
- Әділ табыстылық деңгейіне қол жеткізу үшін залалсыздықты және газдың көтерме және бөлшек сауда бағасының тұрақты өсуін қамтамасыз ету;
- Транзиттік әлеуетті дамыту;
- Баламалы көздерден газ өндіру бойынша пилоттық жобаларды тиімді жүзеге асыру;
- Шағын елді мекендерді газдандыру үшін СУГ қолдану.




Магистральдық тасымалдау млн. текше м




Газ өткізу млн. текше м




Тауарлық-көліктік жұмыстар млрд. текше м*км



Газ өндіру млн. текше м



Кірістер млн. теңге



Шығыстар млн. теңге

Көрсеткіштер

ЕТҰ бөлігіндегі негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштер

«ҚазТрансГаз» АҚ Корпоративтік орталығы қызметінің негізгі түрі газды сыртқы және ішкі нарыққа өткізу, сондай-ақ газ өткізу, тасымалдау және тарату газ құбырларын пайдалану бойынша қызметті жүзеге асыратын еншілес және тәуелді ұйымдарға жетекшілік ету болып табылады.

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

млн м³

	2014	2015	2016	2015 қарай %
Табиғи газды өткізу	12 943	14 057	16 087	114%
Ішкі нарық	11 141	11 469	11 763	103%
Экспорт	1 802	2 588	4 323	167%

(топішілік операцияларды шегерусіз)

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның орталық аппараты бойынша 2016 жылы топішілік операцияларды алып тастамай, табиғи газды өткізу 16 715 млн м³ құрады, оның ішінде экспортқа – 4 323 млн. м³.

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 914 қаулысына сәйкес «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор болып айқындалды.

Ішкі нарық тұтынушыларына газ жеткізу «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «ҚазТрансГаз - Алматы» АҚ және өзге де газ тарату ұйымдары арқылы қазақстандық жер қойнауын пайдаланушылардың ресурстарынан, сондай-ақ «Газпром» ЖАҚ-пен жасалған СВОП-операцияларының шеңберінде жеткізілетін импорт газынан газ өткізу жолымен жүзеге асырылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

млн тг

	2014	2015	2016	2015 қарай %
Өнімді өткізуден және қызметтер көрсетуден түскен кіріс	136 725	240 788	316 201	131%
Жалпы пайда	52 450	62 297	38 387	62%
Таза пайда	25 521	-26 683	29 093	192%

«Интергаз Орталық Азия» АҚ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ (бұдан әрі – «ИОА» АҚ) қызметінің негізгі бағыттары магистральдық газ құбырлары жүйесі бойынша табиғи газды тасымалдау, жерасты қоймаларында газ сақтау жөніндегі қызметтер көрсету, магистральдық газ құбырлары мен бөлу желілерін пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету.

Табиғи газды тасымалдау Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Батыс Қазақстан, Алматы, Маңғыстау, Ақтөбе және Қызылорда облыстарының аумақтары бойынша жүзеге асырылады.

Халықаралық тасымалдау «ИОА» АҚ бизнесінің негізгі кіріс көзін құраушы болып табылады.

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

млн м³

	2014	2015	2016	2015 қарай %
Газ тасымалдау көлемдері	87 113	83 965	66 788	80%
Ішкі нарық	11 939	11 483	12 297	107%
Экспорт	11 164	12 745	13 251	104%
Халықаралық транзит	64 010	59 737	41 240	69%

2015 жылмен салыстырғанда, ресей газы транзитінің қысқаруына байланысты газ тасымалдау көлемдерінің төмендеуі байқалады.

ТАБИҒИ ГАЗДЫ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМДЕРІ

млрд м³

	2013	2014	2015	2016
Табиғи газды тасымалдау көлемдері	93 658	87 113	83 965	66 788

ТАУАР ТАСЫМАЛДАЙТЫН ЖҰМЫСТАР КӨЛЕМДЕРІ

млрд м³/км

	2013	2014	2015	2016
Тауар тасымалдайтын жұмыстар көлемдері	28 375	25 711	19 888	17 663

Есепті кезеңде ТТЖ төмендеуі 2016 жылы ресей газы транзитінің қысқаруына байланысты болды.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

млн тг

	2014	2015	2016	2015 қарай %
Өнімді өткізуден және қызметтер көрсетуден түскен кіріс	118 179	129 498	169 059	131%
Жалпы пайда	53 450	68 849	96 577	140%
Таза пайда	19 753	8 570	57 196	667%

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның негізгі қызметі магистральдық және тарату газ құбырлары бойынша қызметтер көрсету, маркетинг, сатып алу және газды тұтынушыларға өткізу болып табылады.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның басым міндеттері «ҚазТрансГаз Аймақ» болатын өңірлерде барлық санаттағы тұтынушыларды (халықты, коммуналдық мақсаттағы кәсіпорындарды, өнеркәсіптік кәсіпорындарды) авариясыз, іркіліссіз және қауіпсіз газбен жабдықтаумен қамтамасыз ету болып табылады.

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

млн м³

	2014	2015	2016	в % к 2015
Газды таратып тасымалдау	5 882	8 738	9 217	105%
Газды магистральдық тасымалдау	2 487	2 495	2 600	104%
Табиғи газды өткізу	10 272	11 215	11 596	103%

* – 2015 жылы тарату желілері бойынша газды тасымалдау көлемдері мен газ өткізу Алматы қ. ескере отырып көрсетілген.

ГАЗ ӨТКІЗУ КӨЛЕМДЕРІ

млн м³

	2013	2014	2015	2016
Газ өткізу көлемдері	9 096	10 272	11 215	11 596

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

млн тг

	2014	2015	2016	2015 қарай %
Өнімді өткізуден және қызметтер көрсетуден түскен кіріс	140 042	162 245	195 324	120%
Жалпы пайда	8 773	1 814	20 967	1156%
Таза пайда	1 786	-12 104	10 350	217%

* – 2015 жылы қаржылық көрсеткіштер Алматы қ. ескере отырып көрсетілген.

«Амангелді Газ» ЖШС

«Амангелді Газ» ЖШС қызметінің негізгі түрі газ және газ конденсатын өндіру болып табылады.

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

млн м³

	2014	2015	2016	2015 қарай %
Газ өндіру	328	301	327	109%
Газ конденсатын өндіру	21	19	21	112%

2016 жыл үшін газ және газ конденсатын өндіру көлемдері бөлігіндегі өндірістік бағдарламасын орындау тиісінше 109% және 112 % құрады.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

млн тг

	2014	2015	2016	2015 қарай %
Өнімді өткізуден және қызметтер көрсетуден түскен кіріс	4 921	4 977	7 244	146%
Жалпы пайда	2 253	2 310	3 993	173%
Таза пайда	870	346	1 957	565%

Газ және газ конденсатын өткізуден түскен кіріс 7 244 млн. теңгені құрады.

«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС

«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС-ның негізгі қызметі көлік қызметтерін ұсыну болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

млн тг

	2014	2015	2016	2015 қарай %
Өнімді өткізуден және қызметтер көрсетуден түскен кіріс	358	4 057	11 512	284%
Жалпы пайда	65	1 204	1 889	157%
Таза пайда	-44	558	231	41%


Инвестициялық қызмет

Негізгі стратегиялық басымдықтарға және бизнес-бағыттарға сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ-ның ұзақ мерзімді Инвестициялық бағдарламасы мынадай бағдарламаларды шешуге бағытталған:

1. Жаңа газ кен орындарын жете барлау және пайдалануға енгізу бағдарламасын, инертті газдарды коммерцияландыру жобасын іске асыру.
2. Аяқты тұтынушыларға газ тасымалдау жөніндегі қызметтерді теңдестіріп, сенімді және іркіліссіз беруді қамтамасыз ету.
3. Өндірістік және технологиялық әлеуетті оңтайландыру есебінен олардың сенімділігін, қауіпсіздігі мен тиімді пайдаланылуын арттыру мақсатында магистральдық газ құбырларының жүйелерін жаңғырту.
4. ҚР елді мекендерін газдандыру жолымен газбен жабдықтаудың ішкі нарығын кеңейту.
5. ҚР-ның транзиттік және экспорттық әлеуетін дамыту.
6. Ресурстық базаны кеңейту.

2010-2017 жж. кезеңдер үшін жаңа инвестициялық жобаларға КС

млн.теңге



бірлесіп бақыланатын ұйымдардың – «АГҚ» ЖШС, «БШГҚ» ЖШС, «ҚазРосГаз» ЖШС-ның жобаларын ескермегенде

2016 жылы іске асырылып, игерілген инвестициялардың жалпы көлемі 54,7 млрд. теңгені құрады, ол 2015 жылғы ұқсас көрсеткіштен 14,1 млрд. теңгеге немесе 35% артық. Есепті кезеңдегі инвестициялар өсімі жаңа инвестициялық жобаларды – Жамбыл облысындағы Батыс Сұлтанқұдық құрылымындағы геологиялық барлау жұмыстарын, «Бұхара-Орал» МГҚ-ның Қожасай ГҚӨБ-тен «Шалқар» КС-12 дейін магистральдық газ құбырларын салуды, Қостанай облысының елді мекендерін газдандыру жобасын бастаумен байланысты. Шымкент қ. және Тараз қ. газ тарату желілерін жаңғырту жөніндегі ұзақ мерзімді жобалардың, сондай-ақ Қызылорда, Ақтөбе және Манғыстау облыстарын газдандыру шеңберіндегі жұмыстар жалғасуда.

Осыған байланысты, ҚР солтүстік және орталық өңірлерін газдандыру мақсатында 2016 жылы Қоғаммен Астана қ. газдандырудың ұтымды маршрутын айқындау жөніндегі жұмыстар басталды, «Сарыарқа» МГҚ құрылысының ТЭН әзірлеуге арналған шарт жасалды.

РЕСУРСТЫҚ БАЗАНЫ КЕҢЕЙТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖОБАЛАР

Қазіргі кезде ресурстық базаны кеңейту үшін Қоғам төменде көрсетілген инвестициялық жобаларды іске асыру жұмыстарын жүргізіп жатыр:

- «Газ кен орындарының Амангелді тобын игеру» («Амангелді Газ» ЖШС);
- «Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабатының метанын өндіру (геологиялық барлау жұмыстары)»;
- «Имашевский кен орнын геологиялық зерттеу және барлау» («КазРосГаз» ЖШС);
- «Қансу Жобасы» («ҚМГ – Қансу Оперейтинг» ЖШС).

«ГАЗ КЕН ОРЫНДАРЫНЫҢ АМАНГЕЛДІ ТОБЫН ИГЕРУ» ЖОБАСЫ

2010-2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының газ саласын дамыту бағдарламасына сәйкес республиканың оңтүстік аймақтарының тұтынушыларын газбен қамтамасыз ету және энергетикалық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету мақсатында, «ҚазТрансГаз» АҚ 2000 жылғы 12 желтоқсанда Көмірсутек шикіза-

тын бірлесіп барлауға және өңдеуге арналған келісімшарт негізінде Жамбыл облысындағы газ кен орындарының Амангелді тобын игеруді жалғастырып жатыр.

Аталған Келісімшарттың әрекет ету мерзімі – 2031 жылға дейін.

Жобаны іске асыру шеңберінде «Амангелді» кен орнын өнеркәсіптік пайдалану және өзіне геологиялық барлау және сейсмикалық жұмыстар кешенін, артық қорларды санауды, тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану жобаларын, өңдеу ұңғымаларын салу жобаларын және кен орнын орналастыру объектісін әзірлеуді қосатын Амангелді тобының басқа кен орындарын игеру жүзеге асырылады. Амангелді тобының кен орындарындағы табиғи газдың бекітіліп өндірілетін қорлары 15 520 млн. м³ құрайды.

2008 жылдан бастап Амангелді кен орны өнеркәсіптік игеру сатысына түсті. Қазіргі кезде 33 ұңғыма пайдаланылуда.

2014 жылдың 27 қарашасында Жарқұм кен орны тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді, 6 ұңғымада өндіру жүргізіледі.

2015 жылдың 12 қарашасында барлау кезеңі 2018 жылдың 12 желтоқсанына дейін 3 (үш) жылға ұзартылды.

2014-2015 жылдары Сұлтанқұдық құрылымында ЖТНӨ 2D 257,1 құма км көлемінде сейсмикалық зерттеулер жүргізілді, оның нәтижесінде құрылымдардың параметрлері мен болжамды ресурстары, іздеу ұңғымаларының орналасқан жері мен тереңдігі анықталды. Жаңа деректердің негізінде, 2016-2018 жылдары тереңдігі 4 250 м 1 тәуелсіз ұңғыманы, тереңдігі 5000 м және 2970 м 2 тәуелді іздеу ұңғымаларын, сәйкесінше КСШ өнеркәсіптік қорларын айқындайтын құрылымдардың келешегін нақтылау мақсатында бұрғылауды көздейтін «Сұлтанқұдық құрылымындағы (Барханная-Сұлтанқұдық учаскесі) іздеу жұмыстарының жобасына №2 қосымша» жобалық құжаттама әзірленді.

Өнеркәсіптік игеру басталғалы бері Амангелді кен орнында 4,03 млрд. м³ табиғи газ және 303,15 мың тонна газ конденсаты өндірілді. Соның ішінде 2016 жылы 311,31 млн. м³ табиғи газ, 20,67 мың тонна газ конденсаты өндірілді.

Өнеркәсіптік игеру басталғалы бері Жарқұм кен орнында 37,97 млн. м³ табиғи газ және 348,5 тонна газ конденсаты, соның ішінде 2016 жылы 15,91 млн. м³ табиғи газ, 80,90 мың тонна газ конденсаты өндірілді.

2017 жылғы 01.01. жағдай бойынша «Амангелді Газ» ЖШС 4,072 млрд. м³ табиғи газ, 303,5 тонна газ конденсатын өндірді.

«ҚАРАҒАНДЫ КӨМІР БАССЕЙІНІНІҢ КӨМІР ҚАБАТЫНЫҢ МЕТАНЫН ӨНДІРУ» ЖОБАСЫ (ҒЗТҚЖ шеңберіндегі ГБЖ 1-ші кезең)

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқармасының шешімімен «Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабатының метанын өндіру» жобасы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ 2014-2018 жылдарға арналған инновациялық-технологиялық даму стратегиясын» іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарының инновациялық жобаларының тізбесіне қосылған.

2016 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Энергетика министрімен Мемлекет басшысының Көмір қабаттарының метанын (КҚМ) барлау және өндіру жөніндегі тапсырмасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары (Жол картасы) бекітілді. Осы Жоспарға сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ Қарағанды көмір бассейнінің Шерубайнұра көмірлі ауданындағы жер қойнауын пайдаланушы «Сарыарқа» ӘКБ» ҰК АҚ келісімшарттық аумағында ҒЗТҚЖ шеңберінде геологиялық балау жұмыстарын – Жобаның 1-ші кезеңін жалғастыруда (2015 ж. 03.04. Келісімге сәйкес).

Қоғам КҚМ барлау және өндіру мәселелерімен айналысатын жетекші отандық ғалымдармен және жер қойнауын пайдаланушылармен, қазіргі әлемдік көмір метанын барлау және өндіру технологиялары мен тәжірибелері бар шетелдік компаниялармен ұдайы кездесулер өткізіп тұрады.

КҚМ геологиялық барлау жұмыстары күрделі ғылыми-техникалық міндеттерді қамтиды, ҒЗТҚЖ шеңберінде жүргізіледі және нақты аумақтың газдылығын зерттеуге, КҚМ өндірудің аса қолайлы технологияларын жасауға бағытталған. ҒЗТҚЖ шеңберінде қазіргі шетелдік технологияларды/ұңғымаларды салу әдістерін қолдану, халықаралық тәжірибе есебімен және білікті сервистік мердігер ұйымдарды және т.б. тарта отырып, КҚМ дебиттерін игеру және қарқындалу бойынша ықтимал нұсқаларды қабылдайды.

Қазіргі кезде Жобаның 1-ші кезеңі бойынша барлау және тәжірибелік-эксплуатациялық ұңғымалар бұрғыланды, алғашқы газ алынды. Жетекші халықаралық зертханадан алынған (АҚШ, ҚХР, Еуропа) керн талдамасының деректеріне сәйкес Шерубайнұра учаскесінің көмірінің сипаттамасы АҚШ-тың ірі кен орындарымен ұқсас (Блэк Варриор КҚМ барлау жылына 1,5 млрд. текше м дейін).

2017 жылы Жол картасына сәйкес геологиялық барлау жұмыстары жалғасуда: Қазақстан Республикасының теңгеріміне қойып, қорларды есептеу жүргізілуде, зерттелетін келісімшарттық аумақтың КҚМ өндіру және коммерциялау келешегін бағалау мақсатында техникалық-экономикалық есептер (ТЭЕ) әзірленуде. ТЭЕ Бірінші ұсыныстары бойынша олардағы геофизикалық зерттеу кешенімен 3 ұңғыма салуды орындауға арналған теңдер рәсімдері жүргізіліп жатыр. Геологиялық барлау жұмыстарының қорытындыларын алғаннан кейін (ҒЗТҚЖ шеңберінде ГБЖ Жобасының 1-ші кезеңі) Жобаны одан әрі іске асыру туралы түпкілікті шешім қабылданатын болады.

Қазақстан Республикасы аймақтарының халқы үшін КҚМ тауар газының оңтайлы бағасын қалыптастыруға және инвестиция тартуға қолайлы жағдай тудыру мақсатында, ҚТГ уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп, Жол картасына сәйкес КҚМ барлау және өндіру қызметін мемлекеттік қолдауға бастама білдіру бойынша белсенді жұмыстар жүргізіп жатыр:

- КҚМ барлауға және өндіруге жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды (ҚазМұнайГаз/ҚазТрансГаз үшін) конкурстық алу жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын алу;

- Елбасымен 2016 жылдың сәуірінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «жасыл экономикаға» көшу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойылды, оның шеңберінде қолданыстағы салық және инвестициялық артықшылықтарды алу үшін КҚМ барлау және өндіру қызметін мемлекеттік қолдау бекітілген. Заңға тәуелді НҚА қол қою жұмыстары жүргізілуде.

- Көмір қабаттарын алдын ала газсыздандыру және КҚМ қызметін тиімді реттеу мәселелері бойынша ұсыныстар, КҚМ барлауға қатысты ФЗТҚЖ қаржыландыру бойынша мүдделі жер қойнауын пайдаланушылар міндеттемелерінің қолданыстағы механизмін қайта қарау бойынша ұсыныстар «Жер қойнаулары және жер қойнауын пайдаланушылар туралы» Қазақстан Республикасы Кодексіне Тұжырымдамаға бағытталған. Кодексті баптар бойынша талдап әзірлеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

- КҚМ энергетиканың баламалы көзі ретінде қосу жөніндегі ұсыныс Қазақстан Республикасының 2013-2020 жылдарға арналған «жасыл экономикаға» өту жөніндегі Тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспарына бағытталды.

«ИМАШЕВСКИЙ КЕН ОРНЫН ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ БАРЛАУ» ЖОБАСЫ

• 2005 жылдың 18 қаңтарында ҚР мен РФ арасында қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасы туралы мемлекетаралық шарт жасалды, оның нәтижесінде Имашевский кен орны трансшекаралық кен орын мәртебесін иеленді.

• 2010 жылдың 7 қыркүйегінде ҚР мен РФ Үкіметі арасында Имашевский трансшекаралық газ конденсаттық кен орнын геологиялық зерттеу және барлау бойынша бірлескен қызмет туралы келісімге қол қойылды.

Келісім бойынша уәкілетті органдар: «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ - 50% және «Газпром» ААҚ - 50%, Имашевский кен орнын геологиялық зерттеу барысында шығындарды тең бөледі.

• 2013 жылдың 11 қарашасында Келісім бойынша Оператор - «КазРосГаз» ЖШС-не ҚР және РФ аумағында Имашевский кен орнында геологиялық зерттеуге (РФ) және барлауға (ҚР) жер қойнауларын пайдалану құқығын беру үшін Келісімге өзгерістер Хаттамасына қол қойылды. Хаттама 2014 жылдың 18 сәуірінде күшіне енді.

• 2015 жылдың 22 маусымында «КазРосГаз» ЖШС ҚМГ 50% қатысу үлесі «ҚазТрансГаз» АҚ берілді.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2015-2021 жж.

2015 жылы жоба бойынша ҚР геологиялық ақпараттың ішінара жиынтығы алынды, геологиялық зерттеуге және барлауға арналған Бірыңғай жоба әзірленді.

2016 жылдың 21 қарашасында Имашевский кен орнын геологиялық зерттеуге және барлауға арналған Бірыңғай жоба ҚР Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитетінде мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтті.

«ҚАНСУ» ЖОБАСЫ

2015 жылы 21 қазанда «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (№14/2015 хаттама 17 тармақ) «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ 100% қатысу үлесін «ҚазТрансГаз» АҚ пайдасына иеліктен шығару мәселесі мақұлданды.

2016 жылдың 19 қаңтарында Жалғыз қатысушы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның «ҚазТрансГаз» АҚ ауысуына байланысты Ақтау қ. Әділет басқармасында «КМГ-Кансу Оперейтинг» ЖШС қайта тіркеу жүргізілді.

2016 жылдың 30 мамырында Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «КМГ-Кансу Оперейтинг» ЖШС арасындағы Маңғыстау облысында орналасқан Қансу учаскесіндегі көмірсутек шикізатын барлауға арналған 2013 ж.01.10. №3949-УВС Келісімшартқа Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы №2 Қосымшаға қол қойылды.

2016 жылдың 22 қыркүйегінде ҚР Энергетика министрлігінің Пайдалы қазбаларды барлау және игеру жөніндегі орталық комиссиясының отырысында қаралды және келісілді және ҚР ЭМ-де Қансу учаскесіндегі мұнай және газға арналған іздеу жұмыстарының жобасына №1 Толықтыру (бұдан әрі - ІЖЖТ) бекітуге қабылданды.

Бекітілген ІЖЖТ сәйкес 2016-2019 жылдарға арналған Келісімшарттың Жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізілді.

2016 жылдың 1 қазанында Қансу кенорнының геологиялық моделін құру жұмыстары аяқталды. Үш өлшемді геологиялық моделдер құрылды, бор және юра шөгінділері бойынша бастапқы геологиялық қорлардың бағалауы жүргізілді.

2016 жылдың 31 қазанында «Қансу» учаскесіндегі қоршаған ортаны қазіргі жағдайының аудиті» Жобасы бойынша жұмыстар аяқталды. Жұмыс жүргізілген жалпы алаң Қансу» учаскесінің келісімшарттық аумағына тең және 4374,64 кв. км. құрайды.

2016 жылдың 2 желтоқсанында ҚР ЭМ Жұмыс тобының Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге қатысты отырысы болып өтті (ҚР ЭМ Жұмыс тобының № 15 хаттамасы). Осы отырыстың қорытындысы бойынша Құзыретті орган оңтайлы шешім қабылдады және 2016 жылдың 29 желтоқсанында Келісімшартқа № 3 Толықтыруға қол қойылды.

2016 жылдың желтоқсанында «Солтүстік Қансу учаскесіндегі R1 барлау ұңғымасын салуға арналған техникалық жоба» әзірлеу қызметін сатып алу жөнінде тендер жарияланды.

ЭКСПОРТТЫҚ ГАЗ ҚҰБЫРЛАР ЖОБАСЫ

Экспорттық әлеуетті кеңейту мақсатында келесі инвестициялық жобаларды іске асыру жұмыстары жүргізіліп жатыр:

- «Қазақстан-Қытай МГ қуаттылығын арттыру (1-ші учаске)» («Азия Газ құбыры» ЖШС);
- «Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырын салу» («Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС);
- «БГР-ТБА өткізу қабілетін арттыру» және «Қазақстан-Қытай» МГ-на газ беру үшін ТІР-02 жалғастырғышын салу» («ИОА» АҚ)

«ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ МГ ҚУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ (1-ШІ УЧАСКЕ)» ЖОБАСЫ

2011 жылдың 27 шілдесінде «ҚР мен Қытай Үкіметі аралығында 2007 жылғы 18 тамызда жасалған Қазақстан-Қытай газ құбырын салудағы және пайдаланудағы ынтымақтастық туралы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 2 Қосымшаға қол қойылды, оған сәйкес Тараптар «Қазақстан-Қытай» МГҚ бірінші учаскесінің қуаттылығын жылына 25 млрд. м³ арттыруға келісті, оның жылына 20 млрд. м³ қытай тарапының ҚХР-на түркімен және өзбекстан газын тасымалдауды жүзеге асыру мақсатында пайдалануға арналады, ал жылына 5 млрд. м³ қазақстан тарапы үшін ҚР ішкі нарығының газға қажеттілігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚХР-ға газды экспорттау мақсатына арналады.

Жоба бойынша өткізу қабілеті жылына 25 млрд. м³ болатын, ұзындығы 1 308 км магистральдық газ құбырын салу жобаланады.

Жобаны іске асыру мерзімі: 2012-2017 жылдары.

2011 жылдың 26 қыркүйегінде ҚМГ, ҚТГ және TAPLine арасында «Қазақстан-Қытай» газ құбырының бірінші учаскесінің «С» желісін жобалауды, қаржыландыруды, салуды және пайдалануды ұйымдастырудың негізгі қағидалары туралы Келісімге қол қойылды.

2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жоба бойынша келесі негізгі жұмыстар атқарылды:

- 2015 жылдың 9 шілдесінде газ құбырдың желілік бөлігі пайдалануға берілді;
- 2015 жылдың 16 шілдесінде №6 компрессорлық станция пайдалануға берілді;
- 2015 жылдың 23 шілдесінде №2 компрессорлық станция пайдалануға берілді;
- 2015 жылдың 3 тамызында №4 компрессорлық станция пайдалануға берілді;
- 2015 жылдың 10 тамызында №8 компрессорлық станция пайдалануға берілді;
- 2015 жылдың 31 желтоқсанында ТМРЖБҚҚД №278-НҚ бұйрығымен 2016-2019 жылдар аралығы кезеңінде магистральдық газ құбыры арқылы тауарлық газды тасымалдау қызметтерінің тарифі ҚҚС қоспағанда 1000 м³ үшін 3 494 теңге мөлшерде бекітілді.

Қазіргі кезде жылына 20 млрд. м³ дейінгі көлемде жобалық қуаттылыққа қол жеткізілді, келешекте 2017 жылы №1, №3, №5, №7 компрессорлық станцияларды салу есебімен газ құбырдың қуаттылығын жылына 25 млрд. м³ дейін арттыру жоспарланып отыр.

2017 жылдың 5 ақпанындағы жағдай бойынша газ құбыры пайдалануға енгізілген сәттен бастап 21 млрд. м³ газ көлемі тасымалданды.

«БЕЙНЕУ-БОЗОЙ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫН САЛУ» ЖОБАСЫ

ҚР оңтүстік аймақтарының газға қажеттілігін тұрақты қамтамасыз ету, импорттық газға тәуелділікті азайту және ҚР энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырын салу» жобасын іске асыру жалғастырылуда (Бозой және Қараөзек компрессорлық станцияларын салу жұмыстары жүргізіліп жатыр).

Газ құбырдың бағыты Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының аумақтары арқылы өтеді және негізгі техникалық сипаттары мынадай: 1-ші кезең – 2012-2017 ж. өткізу қабілеті жылына 6 млрд. м³ дейін; 2-ші кезең – 2013-2017 жж. өткізу қабілеті жылына 10 млрд. м³ дейін, нақты ұзындығы 1 450 км (біртізбекті орындау).

2010-2016 ж. Жобаны іске асыру мақсатында келесі жұмыстар атқарылды:

- ҚР мен Қытай Үкіметі арасында 2007 жылғы 18 тамызда Қазақстан-Қытай газ құбырын салудағы және пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды;
- 2010 жылы 12 маусымда ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстанға ресми сапарының шеңберінде «Қазақстан-Қытай» газ құбырын салудың және пайдаланудың негізгі қағидалары туралы келісімге (НҚК) қол қойылды.
- 2011 жылдың 18 қаңтарында Жобаны ҚР аумағында іске асыру мақсатында бірлескен Қазақстан-Қытай жобалық компания – «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС құрылды;

- 2013 жылдың 2 желтоқсанында мемлекеттік қабылдау комиссиясының «Бозой» ГӨС өткізу қабілеті жылына 2,5 млрд. м³, «Бозой-Шымкент» учаскесінің (311-1453 км) желілік бөлігін пайдалануға енгізу туралы актісіне қол қойылды;
- 2015 жылдың 31 желтоқсанында ҚР ТМРЖБҚКД №278-ОД бұйрығымен магистральдық газ құбыры арқылы тауарлық газды тасымалдау тарифі 2016 жылдың 1 наурызынан бастап қолданысқа енгізілетін, ҚҚС қоспағанда 1000 м³ үшін 18 071 теңге мөлшерде бекітілді;
- 2016 жылдың 30 желтоқсанында қабылдау комиссиясының өткізу қабілеті жылына 5 млрд.м³ дейінгі «Бейнеу-Бозой» учаскесінің (0-311 км) желілік бөлігін пайдалануға енгізу туралы актісіне қол қойылды;
- 2017 жылғы 5 ақпандағы жағдай бойынша тасымалдау басталғалы бері 5,4 млрд.м³ газ көлемі тасымалданды. Трасса бойындағы жолдарды, «Шорнақ», «Қараөзек», «Ақсуат» және «Сексеуіл» ӨЭБ және ВП, «Бозой» ВП және КС салу жұмыстары жалғасуда.

«ҚАРАӨЗЕК КОМПРЕССОРЛЫҚ СТАНЦИЯСЫН САЛУ» ЖОБАСЫ

Қысқа мерзімнің ішінде «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының өткізу қабілетін жылына 10 млрд.м³ дейін жеткізу мақсатында, 2016 жылдың 25 мамырында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Инвестициялық комитетінде «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның күшімен және қаражатымен «Қараөзек» КС салудың мақсаттылығы туралы шешім қабылданды.

2016-2017 ж. Жобаны іске асыру мақсатында келесі жұмыстар атқарылды:

- «Мақат» компрессорлық станциясынан газ айдайтын агрегаттарды ауыстыру аяқталды;
- Жобаның ЖСҚ әзірлеу жұмыстары басталды;
- 2017 жылдың 3 тоқсанында Қараөзек компрессорлық станциясын пайдалануға беру жоспарланды.

«БҒР-ТБА ӨТКІЗУ ҚАБЕЛЕТІН АРТТЫУ» ЖӘНЕ «ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ» МГҚ-НА ГАЗ БЕРУ ҮШІН ТІР-02 ЖАЛҒАСТЫРҒЫШЫН (ПЕРЕМОЧКА) САЛУ» ЖОБАСЫ

ҚХР экспорттау және Алматы қ. газбен іркіліссіз қамтамасыз ету үшін «Қазақстан-Қытай» магистральдық газ құбырына газ беру мақсатында БҒР-ТБА өткізу қабелетін арттыу» және «Қазақстан-Қытай» МГ-на газ беру үшін ТІР-02 жалғастырғышын салу» жобасын іске асыру жолғастырылуда. 2016 жылдың 21 қыркүйегінде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Инвестициялық комитетімен № 13-16 жобаны түзету қабылданды.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2016-2017 жж.

Жобаны іске асыру мақсатында 2016 жылы келесі жұмыстар атқарылды:

- 2016 жылдың 28 шілдесінде «Мемлекеттік сараптама» РМК-ден ТІР-02 Ақыртөбе жалғастырғышында сығымдау компрессорлық станция (СКС) салу жөніндегі оң қорытындысы алынды;
- Сығымдау компрессорлық станцияның (СКС) өңдірістік алаңын салу бойынша барлық қажетті жұмыстар, соның ішінде жөндеу-іске қосу жұмыстары аяқталды;
- 2017 жылдың 1 тоқсанында сығымдау компрессорлық станциясын (СКС) пайдалануға енгізу жоспарланып отыр.

ҚОЖАСАЙ КЕН ОРНЫНАН «БҰХАРА-ОРАЛ» МГҚ КС-12 ДЕЙІН МАГИСТРАЛЬДЫҚ ГАЗ ҚҰБЫРЫН САЛУ» ЖОБАСЫ

Ақтөбе облысының кен орындарында ілеспе газды жағу және «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбыры үшін ресурстық базаны ұлғайту мақсатында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның инвестициялық комитетімен 2016 жылғы 21 қыркүйекте Қожасай кен орнынан «Бұхара-Орал» МГҚ КС-12 дейін магистральдық газ құбырын салу» жобасын іске асыру туралы №13-16 шешім қабылданды.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2016-2017 жж.

Жобаны іске асыру мақсатында 2016 жылы мыналар орындалды:

- Жобаны іске асыру үшін материалдар мен жабдықтарды сатып алу және жеткізу жүзеге асырылды;
- 168 км болатын газ құбырының 30 км төселді;
- 2017 жылдың 2 тоқсанында магистральдық газ құбырын пайдалануға енгізу жоспарланып отыр.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЙМАҚТАРЫН ГАЗДАНДЫРУ ЖОБАЛАРЫ

«ҚазТрансГаз» АҚ ҚР елді мекендерін газдандыру және жаңғырту бойынша жұмыстарды жалғастыруда. 2016 жылы келесі жобалар бойынша жұмыстар аяқталды:

- «Шымкент қаласының ГТЖ жаңғырту»;
 - «Қызылорда облысының елді мекендерін газдандыру».
- Қазіргі уақытта келесі жұмыс жобалары іске асырылу сатысында:
- «Тараз қаласының газ тарату желілерін жаңғырту»;
 - «Ақтөбе облысының елді мекендерін газдандыру және газ тарату желілерін жаңғырту»;
 - «Маңғыстау облысының елді мекендерінің газ тарату желілерін жаңғырту, реконструкциялау және жаңадан салу»;
 - «Қостанай облысының елді мекендерін газдандыруды кеңейту».

«ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ГАЗ ТАРАТУ ЖЕЛІЛЕРІН ЖАҢҒЫРТУ» (1 КЕЗЕҢ, ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ)

Жобаны іске асыру мерзімі – 2010-2016 жж.

Оңтүстік Қазақстан облысы «ҚТГ Аймақ» АҚ-мен жүзеге асырылатын ҚР газбен жабдықтау жүйелерін жаңғыртудағы пилоттық бағдарлама объектісі болды. 2009 жылы басталған газ таратушы желілерді жаңғырту шеңберінде бұл жерде газбен жабдықтаудың техникалық базасы жаңартылды және кеңейтілді. Тозған болат газ құбырлары пайдалану мерзімі ұзақ, электрохимиялық қорғау құралдарын қажет етпейтін полиэтилен газ құбырларына ауыстырылды, бұл оларды жөндеуге кететін шығындарды азайтады.

Жобаны іске асырудан жоспарланатын тиімділік – жоғары қысымды газ құбырын бірнеше рет сақиналандыруға байланысты жүйелердің сенімділігін арттыра отырып, 85 мың м³/сағ. - 258 мың м³/сағ. дейін өткізгіштік қабілетін арттыру.

Оңтүстік Қазақстан облысының газбен жабдықтаудың техникалық базаларын жаңарту тек жаңа газ инфрақұрылымын құруға ғана мүмкіндік беріп қоймай, тұтынушылар мен жеткізушілерге озық жүйелерді құруға мүмкіндік береді.

«Шымкент қаласының ГТЖ жаңғырту» жобасын іске асыру шеңберінде 2016 жылы 245,7 км. газ құбыры салынды, орта қысымды газ құбыры – 146,8 км., төмен қысымды газ құбыры – 98,9 км., 4605 шкафтық пункт, 8 газ блокты пункт орнатылды. Жоба бойынша жұмыстар толық көлемде аяқталды.

01.01.2017 ж. жоба бойынша барлығы 2403 км. газ құбыры салынды, 46 газ реттейтін пункт, 8 газ блокты пункт, 32 906 шкафтық пункт, 129 шкафтық газ реттейтін пункт жөнделді, 48 822 абонент қайта қосылды.

«ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ГАЗ ТАРАТУ ЖЕЛІЛЕРІН ЖАҢҒЫРТУ» ЖОБАСЫ

Жобаны іске асыру мерзімі – 2011-2019 жж.

Тараз қаласының газ тарату желілеріне жаңғырту жүргізу қаланың газ тарату желілерін реконструкциялау бойынша кешенді шараларды іске асыру үшін, оларды пайдалану кезінде техникалық сенімділікті және қауіпсіздікті арттыру, нормативтен жоғары техникалық ысыраптарды төмендету, газ құбырларының жобалық қуаттылығын қалпына келтіру және аз қабатты секторда газбен жабдықтаудың екі сатылық жүйесіне өту үшін қажетті шаралар болып табылады, бұл газ тұтыну көлемдерін есепке алуды және бақылауды жақсартуға мүмкіндік береді.

Тараз қаласының газ тарату жүйелерін жаңғырту нәтижесінде өткізгіштік қабілетті 101,5 мың м³/сағ. - 150,5 мың м³/сағ. дейін 49 мың м³/сағ. арттыру, газ құбырлары арқылы газдың шығуынан газдың техникалық және технологиялық ысыраптарын қысқарту, таяудағы 40-50 жылға күрделі жөндеуге арналған пайдалану шығындарын 70% дейін төмендету, қаланың газ тарату жүйелерінің қызмет ету мерзімін 50 жылға ұзарту (полиэтилен газ құбырының кепілді қызмет ету мерзімі), газды рұқсатсыз алу және ойып қосу мүмкіндіктерін жою жоспарланып отыр.

Газ тарату желілерін жаңғыртуды негіздеу үшін қала 8 (сегіз) кешенге бөлінді, кешендер жаңғырту объектілеріне бөлінді. Объектілер кешен ішінен құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу және қолданыстағы желіні жаңаға ауыстыруға ыңғайлы болу үшін қаланың газ тарату желілерін ажыратудың технологиялық жүйесі бойынша бөлінді.

Жоба екі кезекте жүзеге асырылуда:

- 1-ші кезек (5 іске қосу кешені 2011-2016 жж.);

- 2-ші кезек (3 іске қосу кешені 2017-2019 жж.).

01.01.2017 жылғы жағдай бойынша жоба бекітілген кестеге сәйкес іске асырылып отыр. Есепті күнге жобаның бірінші кезегі бойынша барлық жұмыстар аяқталды.

2016 жылдың қорытындысы бойынша 5-ші іске қосу кешені бойынша келесі іс-шаралар орындалды:

- ұзындығы 79,45 км. газ құбыры салынды, соның ішінде полиэтилен – 59,39 км, болат – 20,09 км; 526 дана жеке шкафтық пункттер орнатылды, техникалық және авторлық қадағалау жүргізілді;

- екінші кезеңнің 1-ші іске қосу кешенінің жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленді, 21.12.2016 ж. Мемлекеттік қорытындыны алуға арналған шарт жасалды. Жоспарланған жұмыстар 100% орындалды.

01.01.2017 ж. Жобаны іске асыру басталғаннан бері барлығы 712 км газ құбыры салынды, 14 632 шкафтық пункт орнатылды.

2017 жылы Жобаның екінші кезеңін іске асыру басталады.

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІН ГАЗДАНДЫРУ» ЖОБАСЫ

Жобаны іске асыру мерзімі – 2014-2016 жж.

Жоба шеңберінде 5 елді мекен газдандырылды: Арал, Әйтеке би, Байқоңыр, Жаңақорған және Шиелі. Жоба сондай-ақ жақын арадағы ауылдарды газдандыру үшін инфрақұрылым құрады және газдандырылған қалалардың тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартады. Жалпы Қызылорда қаласын газдандыру аймақтың тұрақты экономикалық өсуі үшін сенімді энергетикалық базаны құруға мүмкіндік береді.

Жобаны іске асыру шеңберінде 2016 жылдың бірінші жарты жылдығында 6,4 км. орта қысымды газ құбыры салынды. Жобаны іске асыру аяқталды. Жоба бойынша барлығы келесі жұмыстар орындалды: ұзындығы 1293,38 км. газ құбыры салынды, 5 АГТС, 13 ГРП, 174 ШГРП, 2 ГРЕП монтажданды.

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІН ГАЗДАНДЫРУ ЖӘНЕ ГАЗ ТАРАТУ ЖЕЛІЛЕРІН ЖАҒЫРТУ» ЖОБАСЫ

Жобаны іске асыру мерзімі – 2015-2020 жж.

2015 жылы Жобаға бастамашылық жасалды және Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы, ресурстық базаны бағалау, газ тасымалдау жүйелерін, аймақты газдандыру объектілерінің техникалық және инвестициялық параметрлерін дамытумен өзара байланысқан кешен ретінде құрылды.

Ақтөбе облысын газдандыру объектілерін салу жобаларын іске асыру бойынша ұзақ мерзімді және өзара тиімді қызметтестікке қатысты 2015 жылғы 5 ақпанда Ақтөбе облысы Әкімдігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «ҚазТрансГаз» АҚ арасында өзара түсіністік және қызметтестік туралы меморандумға қол қойылды.

Жоба шеңберінде агломерация және облыстың аудан орталықтарының құрамына кіретін 9 елді мекенді газдандыру, сондай-ақ жалпы қуаты 360 мың текше м/сағ. 3 АГТС салу және қолданыстағы тозығы жеткен газ құбыры желілерін жаңғырту жоспарланып отыр.

Табиғи газды тұтынушылар санын 5,4 мың абонентке көбейту, энергетикалық қауіпсіздікті және Ақтөбе облысының елді мекендерін газбен жабдықтауда олардың өсіп отырған қажеттіліктерін сенімді және үздіксіз қамтамасыз ету, облыс аумағын газдандыруды жалғастыру мүмкіндігінен көрінетін қосымша мультипликативті әсер, тұрғындардың өмір сүру жағдайын арттыру, еңбек ету және өмір сүру жағдайын жақсарту Ақтөбе облысын газдандыруды іске асырудың экономикалық тиімділігі болып табылады.

Жобаны іске асыру шеңберінде 2016 жылы жалпы ұзындығы 370,3 км газ құбыры салынды, 2 автоматтандырылған газ тарату жүйесі, 100 шкафтық газ тарату пункті, 9 блокты газ реттейтін пункт орнатылды. Жоба бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарының негізгі көлемі 2016 жылы игерілді.

«МАҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНІҢ ГАЗ ТАРАТУ ЖЕЛІЛЕРІН ЖАҒЫРТУ, РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ЖАҒАДАН САЛУ» ЖОБАСЫ

Жобаны іске асыру мерзімі – 2015-2017 жж.

Инвестициялық жобаға 2015 жылы бастамашылық жасалды және сенімділікті, қызметтердің сапасын жақсарту, өнімділіктің жеткізіліссіздігіне және газ желілерінің қанағаттандырылғысыз техникалық жағдайларына байланысты, тұтынушылар үшін газ тапшылығын жою мақсатында, Маңғыстау облысының газ желілерін жаңғыртуға, реконструкциялауға, салуға бағытталды.

Маңғыстау облысының газдандыру объектілерін салу, жаңғырту және реконструкциялау жобаларын іске асыру бойынша ұзақ мерзімді және өзара тиімді ынтымақтастыққа қатысты 2015 жылғы 5 ақпанда Маңғыстау облысы Әкімдігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «ҚазТрансГаз» АҚ арасында өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Жоба шеңберінде жаңа газ желілерін, жоғары, орта және төмен қысымды газ құбырларын, Жаңаөзен қаласында үш АГТС орната отырып, жоғары қысымды өткізгіш газ құбырларын, АГТС орната отырып, Окарем-Бейнеу МГК-нан Шетпе ауылына дейін бұрма газ құбырын, ауыларалық, жоғары және орта қысымды өткізгіш жер асты газ құбырларын, сондай-ақ төмен қысымды ауылішілік газ құбырын салу жоспарлануда.

Жоба бойынша жалпы ұзындығы 1217 км. газ тарату желілерін жаңадан салу, жаңғырту және реконструкциялау, 4 АГТС, 20 БГРП, 1 ШГТП салу, 2 АГТС, 15 ПГБ және 22 ГРШП жаңғырту қарастырылып отыр.

2016 жылы 304 км газ құбыры салынды, оның ішінде 129,2 км жоғары қысымды газ құбыры, 8,6 км орта қысымды және 166,1 км төмен қысымды газ құбыры, 11 ШГТП, 3 БГРП орнатылды. Жобаны іске асыру жалғасуда. Сонымен, 01.01.2017 жылғы жағдай бойынша 506,2 км газ құбыры төселді, 18 ШГТП, 9 БГРП орнатылды.

«ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІН ГАЗДАНДЫРУДЫ КЕҢЕЙТУ» ЖОБАСЫ

Жобаны іске асыру мерзімі – 2016-2017 жж.

Инвестициялық жобаға 2015 жылы 17 қарашада Қостанай облысы Әкімдігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «ҚазТрансГаз» АҚ арасында жасалған өзара қызметтестік туралы үш жақты меморандумға сәйкес бастамашылық жасалды.

Жобамен Денисов ауданы Алчановка а., Антоновка а., Қарабалық ауданы Тоғызақ а., Әуликөл ауданы Әуликөл а., Қашар а., Рудный қ., Октябрьск а., Лисаковск қ., Рудный қаласын келешекте газдандыру қарастырылады.

Жоба шеңберінде жалпы ұзындығы шамамен 391,6 км өткізгіш және ауылішілік газ құбырын, оның ішінде жоғары қысымды газ құбыры – 168,3 км, орта қысымды – 9,3 км, төмен қысымды – 214 км, АГТС – 1 бірлік, ГБП -14 дана, ШГРП -5 дана, ГРБ – 1 бірлік салу қарастырылған.

2016 жылы Жобаны іске асыру шеңберінде «Рудный қаласының Қашар ауылына газ тарату желілерін салу», «Лисаковск қаласы Октябрьский ауылын газдандыру» объектілері пайдалануға берілді, бұл ретте 60 км газ құбыры салынды, 4 БГРП орнатылды.

Инновациялар

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның инновациялық дамуын іске асыру шеңберінде «ҚазТрансГаз» АҚ-нда Ғылыми-техникалық кеңес (бұдан әрі - ФТК) құрылған және жұмыс істейді. ФТК бірыңғай корпоративтік және салалық ғылыми-техникалық, инновациялық саясатты қалыптастыруды және іске асыруды, ҚТГ компаниялар тобы бойынша қызметті ғылыми-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіру мақсатында құрылды.

ФТК негізгі міндеті инновациялық, ғылыми-техникалық сипаттағы ұсыныстарды, ҚТГ құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік-техникалық даму бағдарламаларын қарау, сондай-ақ техникалық-экономикалық мәні бар маңызды әзірлемелер бойынша есептерін қарау, оларды одан әрі қолдану бойынша ұсыныстарды қарау болып табылады.

ҚТГ-да 2016 жылы ФТК-ның 8 отырысы ұйымдастырылған.

19 мәселе, соның ішінде инновациялық 8 мәселе қаралды және мақұлданды:

I. Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттарындағы метанды геологиялық барлау жөніндегі жобаны іске асыру.

Орындалуы: Қазіргі таңда бірінші кезең бойынша барлау (3 ұңғ.) және тәжірибелік-пайдалану ұңғымалары (5 ұңғ.) бұрғыланып, алғашқы газ өткізілді және одан әрі ұңғымаларды игеру жүргізілуде. Келесі кезең көлденең ұңғымалар жобалау және бұрғылау, КҚМ қорын есептеу және қорларды мемлекеттік балансқа қою, КҚМ өнеркәсіптік өндірудің ТЭН әзірлеу болып табылады. Қазіргі уақытта, метан (Австралия, Үндістан, АҚШ, Қытай) өндіру бойынша ірі халықаралық жобаларды іске асыруда жұмыс тәжірибесі бар Baker Hughes халықаралық мұнай газ сервистік компаниясы Қарағанды көмір бассейнінің Шерубай-нұра көмірлі ауданының көмір қабаттарынан метан өндірудің келешегін бағалау және өндіруді коммерцияландыру бойынша техникалық-экономикалық есебін әзірлеуде.

II. Компримирленген табиғи газ (КТГ) арқылы елді мекендерді газдандыру.

Орындалуы: «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-мен бірлесіп Қостанай облысы – Береговой ауылы, 350 үйлі елді мекен анықталды. АГТКС-дан қашықтығы 20 км. КТГ компримирлеу және Береговой ауылына дейін жеткізу қызметі есептелді, есептеу бойынша деректер, техникалық-коммерциялық ұсыныстар «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ға жіберілді. Бұл жоба Қостанай облысын газдандырудың жалпы инвестициялық бағдарламасына қосылған және «ҚазТрансГаз» АҚ-ның инвестициялық комитетінің қарауына жіберілген.

Газ мотор отынын дамытуды мемлекеттік қолдау шараларын алға жылжыту бойынша жұмыстар жалғасуда. «Жасыл энергияны» дамыту аясында 2016 жылы «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС 136 бірлік меншікті газ мотор отынына, оның ішінде 25 бірлік КТГ-ға автокөлік құралдарын қайта жабдықтады.

III. Газ-көлік желісі, магистральдық және газ құбыры объектілерін автоматтандырудың барлық жүзеге асырылып жатқан және жаңа жобалары үшін қолдануға рұқсат етілген, өнеркәсіптік бағдарламаланатын контроллерлердің тізімін қарастыру, бекіту және диспетчерлік ақпарат жинау жүйесін енгізу.

Орындалуы: Орындалды.

IV. КГҚАТ түріндегі кешенді графиттіқабатты үлгідегі анодты жерге тұйықтағыш (Өндіруші: Қазақстан, Аккөл қ., «Қазақстан электр химиялық қорғаныш технологиялары» ӘК» ЖШС) шығарудың әдістерін қарау және озық технологиялардың техникалық шешімдері.

Орындалуы: КГҚАТ кешенді графитопласт үлгідегі анодты жерге тұйықтағыш технологиясында қабылданған озық техникалық шешімдер мақұлданды. Газ көлік жүйесінің электр химиялық қорғау объектілерін жөндеу, жаңғырту және жаңадан салу кезінде КГҚАТ қолдану ұсынылған.

V. Құбыр желілерінің техникалық жай-күйіне мониторинг жүргізудің озық талшықты-оптикалық жүйесін енгізу мәселесін қарау.

Орындалуы: Жұмыста. Автоматтандырудың арнайы аппараттық және бағдарламалық құралдарының, бақылау жүйелерінің, сондай-ақ одан әрі өндірісте қолдану үшін құбыр желілерінің техникалық жай-күйін басқару жүйелерінің және мониторинг (КҚС, ағып кету және т.б.) жүргізудің тиімділігін тексеру мақсатында ЕТҰ-ға «Electro Dynamics» (Қазақстан) ЖШС-ның бағдарламалық-аппараттық кешенін оқып үйрену ұсынылды, сондай-ақ газ құбырын автоматтандыру және оның техникалық жай-күйіне мониторинг жүргізудің натуралдық сынау жүйелерін жүргізу үшін технологиялық алаңдар («полигон») құру мүмкіндігін үйрену ұсынылады.

VI. Магистральдық құбыр желілерінің жай-күйіне мониторинг жүргізуді жүзеге асыру үшін пилотсыз және/немесе пилоттық ұшу аппараттарын пайдалану туралы мәселені қарау.

Орындалуы: Жұмыста. Мынадай компаниялар қаралды: «Пергам-Казахстан», «Zala Aero Group» ЖШС, «Scat Global Systems» ЖШС, «Батыс Қазақстан машина жасау компаниясы» АҚ, «Геоскан», «Elbit Systems» ЖШҚ, ұсынылған барлық пилотсыз ұшу аппараттарының салыстырмалы кестесі жасалды. Ұсынылған ақпараттарға талдау жасай отырып, «Орынбор-Новопсков» МГҚ және «Союз» МГҚ учаскесінің (170-322 км) жай-күйіне мониторинг жүргізу үшін техникалық тапсырманың талаптарына сәйкес келетін ең қолайлы компаниялар «Геоскан» және «Zala Aero Group» ЖШҚ болып табылады деп есептейміз.

VII. «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның ГАА ескірген модельдерін жаңалау мәселесін қарастыру.

Орындалуы: «Батыс Қазақстан машина жасау компаниясы» АҚ-мен бірлесіп Д-336 қозғалтқыштарды қолдана отырып, ГПА-Ц-6,3 жаңғырту мәселесімен жұмыс істелді. Техникалық жоспарда мұндай жаңғырту ең қолайлы нұсқа болып танылды. Д-336 қозғалтқыштарды қолдана отырып, ГПА-Ц-6,3 жаңғырту «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның жаңа технологиялар каталогына енгізілді.

VIII. «Гидромашсервис тобы» АҚ-ның ұсыныстарын – көп корпуслы компрессорлық қондырғылар сызбасын және газ саласына арналған компрессорлар базасының толық кешенді шешімдерін қарау.

Орындалуы: газ транзитінің ауыспалы режимі кезінде ЦБН-ның ауыспалы ағынды бөлігін (ААБ) жаңғырту және ауыстыру жөніндегі «Гидромашсервис тобы» АҚ-ның ұсыныстары «Интергаз Орталық Азия» АҚ үшін қолайлы нұсқа болып табылады. Сонымен қатар, құрғақ газ нығыздағышты қолдана отырып, ЦБН-ны жаңғыртуы мүмкін. «Гидромашсервис тобы» АҚ «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның жаңа технологиялар каталогына енгізілді.

Жасалуына «ҚазТрансГаз» АҚ мүдделі мәмілелер

Жасалуына Қазақстан Республикасының Заңымен ерекше талаптар белгіленген «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасасу қағидасына сәйкес, есепті кезең ішінде Басқармамен жасалуына «ҚазТрансГаз» АҚ мүдделі мәмілелер (Маркетинг және келісімшарттар департаменті) бойынша 10 шешім қабылданды.




НЕГІЗГІ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

2017 жылға арналған компанияның жоспары

- ИОА ИТО мүліктік кешенін ҚТГӨ иелігіне шығару;
- ҚТГ компаниялар тобының ғимараттарын/құрылыстарын (қойма үй-жайларын, гараждарды және басқаларды) ҚТГӨ-ге тапсыру;
- Салынған инвестициялар қайтарылғаннан кейін ҚазТрансГаз Бішкекті тарату;
- «Сарыарқа Газ Даму» ЖШС тарату;
- ҚТГ компаниялар тобында бірыңғай платформа мен бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша Сатып алу жүйесін енгізу;
- «Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттарынан метан өндіру» жобасын F3TKЖ шеңберінде геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру, жобаны одан әрі іске асыру туралы акционердің шешім қабылдауы.

Активтер құрылымы

«ҚазТрансГаз» Ақ активтер құрылымы



Тәуекелдерді басқару

ҚТГ және оның еншілес ұйымдарының және тәуелді қоғамдарының қызметі тәуекелдер әсеріне ұшырағыш келеді. Уақытылы сәйкестендіруге және топтың құнына және беделіне әсер етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін төмендету жөнінде шаралар қабылдауға бағатталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненттерінің бірі ретінде тәуекелдерді басқарудың маңыздылығын ҚТГ ұғынады.

ҚТГ тәуекелдерін басқару мақсаты бизнестің стратегиялық және жедел тұрақты болу сенімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

«ҚАЗТРАНСГАЗ» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ 2016 ЖЫЛҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ҚТГ Директорлар кеңесінің 07.10.2016 ж. №43 шешімімен 2-т. ҚТГ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының 2016 жылға арналған тәуекелдерін басқару бағдарламасы бекітілген.

ҚТГ мен оның ЕТҰ тәуекелдерін басқару бағдарламасы «ҚазТрансГаз» АҚ-ның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу, тәуекелдер жөніндегі жауапкершілікті бекіту үшін қалыптастырылды.

ҚТГ-да 65 өзіне тән тәуекел сәйкестендірілді, оларға ҚТГ мен оның ЕТҰ-ларының Тәуекелдер жіктеуішіне сәйкес тәуекелдер кодтары берілген, тәуекелдердің иелері анықталған және тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленген.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы бойынша 21 түйінді тәуекел сәйкестендірілді және ол ҚТГ-ның Түйінді тәуекелдер картасында көрініс тапқан.

ҚТГ-ның меншікті ұтқыр қабілеті немесе жиынтығында оның қызметіне айтарлықтай әсер етпейтін тәуекелдер басталған кезде өз міндеттемелері бойынша 7 342 млн. теңге мөлшерінде жауап беруге қабілетті.

2016 жылғы 8 ақпаннан бастап 2 наурыз кезеңінде ҚТГ мен оның ЕТҰ-ларының барлық құрылымдық бөлімшелерінің негізгі қызметкерлерінен тәуекелдерді басқару мәселесі бойынша сұхбат алу жүргізілді:

- 1) ҚТГ компаниялар тобының мақсаттарға жетуіне ықпал етуі мүмкін тәуекелдер сәйкестендірілді;
- 2) тәуекел іске асырылған жағдайда залалдың ықтимал мөлшері айқындалды.

Төменде Компанияның қызметіне айтарлықтай әсер ете отырып ҚТГ мен оның ЕТҰ-ларының негізгі тәуекелдері берілген.

ГАЗДЫ САТЫП АЛУ-САТУ (ЭКСПОРТ) ШАРТЫНЫҢ ШЕҢБЕРІНДЕ ГАЗ ЖЕТКІЗУ БӨЛІГІНДЕГІ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ Орындалмау тәуекелі

Тәуекелдің туындауы бірнеше факторлармен негізделген:

1. Ішкі нарықта тұтынуды ұлғайту;
2. Сатып алушы тарапынан газ қабылдаудан бас тарту;
3. Жеткізуші тарапынан міндеттемелердің орындалмауы.

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ЖҮРГІЗУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРДЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ӨЗГЕРТУ

Аталған тәуекелді іске асыруға мынадай факторлар әсер етеді:

ҚТГӨ-ның кәсіпкерлік (өндірістік-коммерциялық) қызметін жүзеге асырудағы шектеулер. Бизнесіне 50% астам қатысу үлесін басқа ұйымға беру. Холдингішілік кооперацияның болмауы. Негізгі әріптеске тәуелділікке байланысты белгісіздіктер - ҚТГ компаниялар тобымен және Самұрық-Қазынамен нарықтық қатынастарға көшу, жалпы негіздемелерде ҚТГ-ның компаниялар тобы және Қор өткізетін автокөлік пен арнайы техниканы жалға алу қызметтеріне арналған тендерлерге қатысу. Қорда ірі сервистік автокөлік компаниялары бар болғанда топтар мен Қордың тендерлерге қатысу кезінде Самұрық-Қазына ҰӘҚ Холдингінің шеңберінде бәсекелестікті күшейту.

НЕГІЗГІ ӘРІПТЕСКЕ (ГАЗПРОМ ЖШҚ) ТӘУЕЛДІЛІККЕ БАЙЛАНЫСТЫ БЕЛГІСІЗДІКТЕР

Аталған тәуекелді іске асыру мынадай факторларға негізделген:

«Газпром» ЖШҚ-ның ортаазиялық газды сатып алудан бас тартуы. «Газпром» ЖШҚ-ның Еуропаға, оның ішінде Украинаға экспортқа газ жеткізуінің қасқаруы. Ресейдегі экономикалық жағдай, Ресейде ішкі газ тұтыну көлемдерінің төмендеуі. «Газпром» ЖШҚ немесе газ жеткізушілер тарапынан шарттық міндеттемелердің орындалмауы. Келісімшарттық міндеттемелерді орындау үшін жеткізуші елдердің ресурстық базасының болуы. Әлемдік экономиканың жай-күйі. Климаттық жағдайлар. Газ жеткізуші/тұтынушы елдердегі саяси және экономикалық жағдай. Газ тұтынушылармен «Газпром» ЖШҚ-ның саясаты. Газ транзиті тарифтерін көтеру мәселелеріндегі «Газпром» ЖШҚ-ның келеңсіз ұстанымы. Ресей газын өндіру көлемдерін арттыру.

АҚШ ДОЛЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ ТЕҢГЕНІҢ АУЫТҚУЫ

АҚШ доллары бағамының теңгеге қатысты өзгеруіне, пайыздық мөлшерлеменің, ағымдағы сауда-саттық балансының жай-күйінің, құнсыздану деңгейінің, экономикалық және саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты валюталық шығын ықтималы бар.

«ҚАЗТРАНСГАЗ-ТБИЛИСИ» ЖШҚ-НЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨМЕКТІ ҚАЙТАРМАУЫ ЖӘНЕ «ҚАЗТРАНСГАЗ БІШКЕК» ЖШҚ-ҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ ҚАЙТАРЫЛМАУ ТӘУЕКЕЛІ

Аталған тәуекел «ҚазТрансГаз Тбилиси» ЖШҚ-ның Грузиядағы және «ҚазТрансГаз Бішкек» ЖШҚ-ның Қырғыз Республикасындағы тұрақсыз саяси жағдайына байланысты.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҢТҮСТІГІНЕ АЛМАСУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ШЕҢБЕРІНДЕ ИМПОРТ ГАЗЫНЫҢ ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ (КҚК ГАЗ ТАПШЫЛЫҒЫ)

Жеткізуші тарапынан міндеттемелердің орындалмауына байланысты тәуекелдердің пайда болуы.

Тәуекелдерді және ішкі бақылауды басқару жүйесін жүйелеу және біріздендіру мақсатында, ҚТГ-да ҚТГ тобының тәуекелдер тізілімі әзірленіп, негізгі тәуекелдер Тәуекелдер картасына енгізілген:

2016 ЖЫЛҒА «ҚАЗТРАНСГАЗ» ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕТҰ ТӘУЕКЕЛДЕР КАРТАСЫ

		Зиян мөлшері				
		ШАҒЫН ЗИЯН	АЙҚЫН ЗИЯН	ОРТАША ЗИЯН	ҮЛКЕН ЗИЯН	ӨТЕ ҮЛКЕН ЗИЯН
Ықтималдық	ӨТЕ ЖОҒАРЫ			3.8.3		
	ЖОҒАРЫ		4.1.2	1.2.3; 4.1.2 4.1.2b; 4.1.2d	3.3.1	3.3.1d; 3.5.9
	ОРТАША		2.2.3.; 4.2.3		2.3.1	2.3.2b; 3.3.1a 3.3.1b; 232a
	ТӨМЕН					3.9.6
	ӨТЕ ТӨМЕН		1.2.7			

Тәуекел коды	Тәуекелдер атауы	Зиян сомасы
■ 3.3.1d	Газ сатып алу-сату шартының шеңберінде газ жеткізу бөлігіндегі міндеттемелердің орындалмау тәуекелі	35 439
■ 3.5.9	АҚШ долларына шаққандағы теңгенің ауытқуы	78 303
■ 3.8.3	Кәсіпкерлік қызметті жүргізуге қойылатын талаптардың заңнамалық өзгеруі	
■ 3.3.1	Негізгі әріптеске (Газпром ЖШҚ) тәуелділікке байланысты белгісіздіктер	
■ 2.3.2b	Кепілдік міндеттемелер бойынша дефолт/кросс дефолт тәуекелі	68 333
■ 3.3.1a	«ҚазТрансГаз Тбилиси» ЖШҚ-ның қаржылық көмекті қайтармау тәуекелі	57 900
■ 3.3.1b	ҚР Оңтүстігіне алмасу операцияларының шеңберінде импорт газының жетіспеушілігі (КҚК газ тапшылығы)	39 100
■ 2.3.2a	Кепілдік міндеттемелер бойынша дефолт/кросс дефолт тәуекелі	25 856
■ 1.2.3	Газ тасымалдау кезіндегі техногенді немесе өндірістік авария	
■ 4.1.2a	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ («Бозой» КС, «Қараөзек» КС) салу мерзімін жылжыту	
■ 4.1.2b	«Қазақстан-Қытай» МГҚ-ның «С» желісін салу мерзімін жылжыту	
■ 4.1.2d	«Қансу» кен орнының жобаларын іске асырмау тәуекелі	11 000
■ 2.3.1	Депозиттік салымдар жөніндегі банктің дефолт тәуекелі	16 667
■ 3.9.6	Көтерме саудада өткізудің шекті бағасының бекітілмеу тәуекелі	137 470
■ 4.1.2	«Қарғанды көмір бассейнінің көмір қабаттары метанын өндіру» инвестициялық жобасының мерзімін жылжыту	
■ 3.3.1f	«ҚазТранс Бішкек» ЖШҚ-ға салынған инвестициялар залалы тәуекелі	11 900
■ 3.3.1e	«Қансу» кен орны» жобасы бойынша стратегиялық әріптестің болмау тәуекелі	11 000

Тәуекел коды	Тәуекелдер атауы	Зиян сомасы
2.3.2с	Қасса алшақтығы тәуекелі	13 889
2.2.3	КВЛ инвестициялық жоспарының орындалмау тәуекелі	9 960
4.2.3	«Амангелді» кен орнындағы геологиялық деректердің расталмау тәуекелі	5 851
1.2.7	Нормативтерден артық ластану тәуекелі	

«ҚАЗТРАНСГАЗ» АҚ ТӘУЕКЕЛДЕР МӘДЕНИЕТІН ЖЕТІЛДІРУ

1. Тәуекелдер жөніндегі комитеттің жұмысы күшейтілді, ҚТГ және оның ЕТҰ мақсаттарына қол жеткізуге келеңсіз әсер етуі мүмкін барлық маңызды оқиғалар алқалы түрде Тәуекелдер жөніндегі комитеттің отырыстарында қаралады.

2. ҚТГ және оның ЕТҰ резервтерін құру процестеріне енгізуді регламенттейтін міндеттемелер шарттары жөніндегі қағидалар бекітілді.

3. ҚТГ компаниялар тобының тәуекелдерін сақтандыруды ұйымдастыру жөнінде жұмыс жүргізілді. Тәуекелдерді сақтандыру жөнінде оқыту тренингі ұйымдастырылды.

4. Өндірістік, операциялық және қаржылық процестер аудитінің нәтижелері бойынша берілген ұсынымдардың орындалу мониторингі жүзеге асырылды, атқарылуы – 100 %.

5. Қаржылық тәуекелдер жөніндегі есептілік пакеті қалыптастырылды:

- елдік тәуекелдер жөніндегі лимиттерді сақтау;
- контрагент банктерге берілетін міндеттемелер жөніндегі лимиттер;
- валюталық тәуекелдер;
- валюталар бөлінісіндегі пайыздық айырмалар бойынша тоқсан сайынғы мониторинг жүргізілуде.

Интеграцияланған менеджменті жүйесі

ҚТГ-да мемлекет үшін стратегиялық пайданы қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық басымдықтар айқындалған. Компания басшылығы өз миссиясын, пайымдауы мен құндылықтарын қалыптастырып, оларды өз персоналының, тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғалардың назарына жеткізді.

ҚТГ-ның интеграцияланған менеджмент жүйесін (СМЖ) қолдану саласы Қазақстан Республикасында газды барлау, өндіру, тасымалдау, тарату және өткізу кезінде активтерді корпоративтік басқару болып табылады.

ҚТГ мен оның ЕТҰ-сы құрылымдарының қызметін интеграцияланған менеджмент жүйелерін енгізу және жақсарту бөлігінде үйлестіруді корпоративтік дамыту, жиынтық-үйлестіру жұмысы және ИМЖ департаменті жүргізеді.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы бойынша 2016 жылы ИМЖ саласында іске асырылған іс-шаралар, сертификаттау органдары және сертификаттар берілген жылдар жөніндегі ақпарат

Өткізілген іс-шаралар	Сертификаттау жөніндегі орган	Сертификат берілген жыл
<p>«ҚазТрансГаз» АҚ</p> <p>1. «Кемелділікке ұмтылу» деңгейінде Еуропалық іскери кемелділік моделімен (EFQM) біріктірілген сериялары ISO 9001:2008, ISO 14001:2004, OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттарды енгізу жөнінде консалтинг өткізілді.</p> <p>2. Сериялары ISO 9001:2008, ISO 14001:2004, OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігіне ИМЖ сертификациялық аудиті өткізілді.</p> <p>3. «Кемелділікке ұмтылу» деңгейінде Еуропалық іскери кемелділік моделіне «EFQM - 2013» сыртқы бағалау (валидация) жүргізілді.</p> <p>4. «ҚазТрансГаз» АҚ-да және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарында ИМЖ ішкі аудиті өткізілген.</p>	<p>AFNOR Certification</p>	<p>2016 ж.</p>

«Интергаз Орталық Азия» АҚ

1. Сериялары ИСО 9001-2009 (ISO 9001:2008), СТ РК ИСО 14001-2006 (ISO 14001:2004), СТ РК ОHSAS 18001-2008 (OHSAS 18001:2007) мемлекеттік және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестікке интеграцияланған менеджмент жүйесіне сертификаттау аудиті өткізілді.
2. «Кемелділікке ұмтылу» деңгейінде Еуропалық іскери кемелділік моделіне «EFQM - 2013» сырттай бағалау (валидация) өткізілді.
3. Азиялық сапа ұйымының (AsiaNetworkforQuality, ANQ) сапа менеджменті саласындағы кемелділік және ең үздік практика үшін Азиялық награда алынды.
4. «Кемелділікке ұмтылу» деңгейінде Еуропалық іскери кемелділік моделіне EFQM сәйкес 3 жұлдызды «Кемелділікті тану (Recognized for Excellence)» деңгейіне сыртқы бағалау (ассесмент) өткізілді.

AFNOR Certification /
TOO «Asia CertLine» 2016 ж.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ

1. EFQM іскерлік жетілдіру моделін енгізу бойынша жұмыс жүргізілді, «Жетілдіруді тану» деңгейі, 5 жұлдыз.
2. ISO 9001:2008, ISO 14001:2004, OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес сертификатталған аудит, сондай-ақ 50001:2012 мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес ИМЖ байқаушы аудиті өткізілді.

AFNOR Certification 2017 ж.

«Амангелді Газ» ЖШС

1. ISO 9001:2008, ISO 14001:2004, OHSAS 18001:2007 сериялы халықаралық стандарттарды енгізу жөнінде консалтинг өткізілді.
2. ISO 9001:2008, ISO 14001:2004, OHSAS 18001:2007 сериялы халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес ИСЖ сертификатталған аудиті өткізілді.

AFNOR
Certification 2016 ж.

«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС

ISO 9001:2008, ISO 14001:2004, OHSAS 18001:2007 сериялы халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес ИСМ екінші байқаушылық аудиті өткізілді.

TUV Thuringen e.V. 2016 ж.

«Азиялық газ құбыры» ЖШС

1. ISO 9001:2008, ISO 14001:2004, OHSAS 18001:2007 сериялы халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес ИСМ екінші байқаушылық аудиті жүргізілді.
2. Энергетикалық менеджмент жүйесін құжаттау және енгізу бойынша жұмыс өткізілді.
3. ISO 50001:2011 сериялы халықаралық стандарт талаптарына сәйкес энергетикалық менеджмент жүйесінің сертификатталған аудиті өткізілді.

Quality Austria
Trainings,
Certification and
Evaluation Ltd 2014 ж.
(ISO 9001:2008,
ISO 14001:2004,
OHSAS
18001:2007)
2016 ж.
(ISO 50001)

«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС

1. ISO 9001:2008, ISO 14001:2004, OHSAS 18001:2007 сериялы халықаралық стандарттар енгізу бойынша консалтинг өткізілді.
2. ISO 9001:2008, ISO 14001:2004, OHSAS 18001:2007 сериялы халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес ИСМ сертификатталған аудиті өткізілді.

AFNOR
Certification 2016 ж.

«ҚазРосГаз» ЖШС

ISO 9001:2008 сериялы халықаралық стандарт талаптарына сәйкес СМД сертификатталған аудиті өткізілді.

«Bureau Veritas
Kazakhstan» ЖШС 2016 ж.

ҚТГ басқарманы, кәсіпорынның табысын ұлғайту, персоналдың материалдық әл-ауқатының деңгейін арттыру, серіктестер мен жеткізушілердің іскерлік мүмкіндіктерінің өсуіне жәрдемдесу арқылы қызметтің сапалы деңгейі барлық мүдделі тараптардың талаптары мен үміттеріне сәйкес болатындай ұйымдастыруға тырысады. Бұл ретте ҚТГ персоналдың қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етуге, қоршаған ортаға теріс әсер етуді болдырмауға ұмтылады.

Сапаны арттыру, қоршаған ортаға теріс әсер етуді болдырмау, ҚТГ-да кәсіптік тәуекелдердің төмендеуін қамтамасыз ету бойынша қызметтің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- Бизнес-процестерді талдау, ол мүмкін болған жерлерде процестерді автоматтандыруды енгізу және оларды біртіндеп кері инжинирингтеу арқылы қызметтің тиімділігін үздіксіз арттыру; басқарушылық технологиялар саласын ұдайы зерттеу және озық тәжірибені пайдалану;
- Көшбасшылыққа ұмтылуды қолдау және барлық деңгейлерде бастамашылқ, ұжымның әрбір мүшесінің жауапкершілігін және кәсібилігін арттыру;
- Инновациялық технологияларды енгізу және қызметтердің жаңа түрлерін игеру саласында бизнес-серіктестердің сенімді қатынастарын қалыптастыру;
- Қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал құру, персоналдың уәждемесін арттыру;
- Өндірістік қызметке қатынастар бойынша адамдардың өмірі мен денсаулығының басымдығын сақтау;
- Ішкі бақылау жүйесін жетілдіру және интеграцияланған менеджмент жүйесіне тәуекелді-бағдарлы тәсілмен әрекет ету жолымен проблемалар туындауының, олардың себептерінің алдын алу;
- осындай әсер етулердің салдарымен күресу бойынша әрекеттер алдында қоршаған ортаға теріс әсерлерді болдырмау бойынша алдын алу әрекеттерінің басымдығы арқылы қоршаған ортаны ластаудың алдын алу;
- Сапа менеджменті жүйесінің, денсаулықты сақтаудың және еңбек қауіпсіздігінің, экологиялық менеджменті жүйесінің заңнамалық, нормативтік талаптарға, сондай-ақ мүдделі тараптар талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- Барлық қызметкерлерді қоршаған ортаны қорғау, кәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметке белсенді қатысуға бірізділікпен тарту. Осы қатысуды уәждеу, сондай-ақ осы көрсетілген салалардағы қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру;
- Интеграцияланған менеджмент жүйесін ұдайы жақсартуды, оның нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету.

«ҚАЗТРАНСГАЗ» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БОЙЫНША ИМЖ/СМЖ САЛАСЫНДАҒЫ СЕРТИФИКАТТАР БОЛУЫНЫҢ КЕСТЕСІ

Ұйымның атауы	СТАНДАРТТАР								
	«Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар» 9001		«Қоршаған орта сапа менеджменті, Қолдану бойынша талаптар мен нұсқаулық.» 14001		«Еңбек гигиенасы мен қауіпсіздігі сапа менеджменті.» 18001		«Энергетикалық менеджмент жүйесі. Қолдану бойынша талаптар мен нұсқаулық.» 50001		
	ҚР	СТ ИСО	ISO	ҚР	СТ ИСО	ISO	ҚР	СТ ИСО	ISO
«ҚазТрансГаз» АҚ	●		●	●		●	●		●
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	●		●	●		●	●		●
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	●		●	●		●	●		●
«Амангелді Газ» ЖШС	●		●	●		●	●		●
«ҚазТрансГаз Өнімдері» АҚ	●		●	●		●	●		●
«Азиялық газ құбыры» ЖШС	●		●	●		●	●		●
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС	●		●	●		●	●		●
«ҚазРосГаз» ЖШС	●		●	●		●	●		●

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы өзінің үздіксіз дамуы мақсатында ҚТГ сапа, денсаулықты сақтау, қоршаған ортаны қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелерін басқару әдістері мен қағидаттарының жоғары тиімділікті әдістерін пайдалану салдарынан көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз ету және бәсекеге қабілеттілігін арттыру, тұтынушылар сұрауларын қанағаттандыру саласында елеулі нәтижелер алуға бағытталған процестерді жүргізеді.

Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

ҚТГ энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру саясатын жүргізеді. ҚТГ компаниялар тобының энергия тиімділігін арттыру саласындағы газды тасымалдау, тарату және жер астында сақтау жөніндегі қызметті дамыту бағыттары бекітілген Энергия үнемдеу мен энергетикалық тиімділікті арттырудың 2015-2020 жж. арналған бағдарламасында айқындалған.

Бағдарламаның іс-шараларын табысты іске асыру кезінде мыналарға қол жететін болады: өзіндік мұқтаждар мен технологиялық ысыраптарына (ӨМТы) газ тұтынуды

90,5 млн. м³-дан астамға және электр энергиясын тұтынуды 17,8 млн. кВт/сағ. астамға азайту, бұл 125 мың тонна шартты отынға (бұдан әрі – тонна шартты отын) дейін үнемдеуге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бағдарламаға сәйкес энергия үнемдеуші саясаттың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

Энергия үнемдеу саясатын мемлекеттік қолдау және энергия үнемдеуді басқаруды жетілдіру негізінде қызметтің барлық түрлерінде энергия үнемдеу әлеуетін барынша іске асыру;

Инновациялық технологиялар мен жабдықтарды қолдану негізінде ҚТГ компаниялар тобының энергетикалық тиімділігін арттыру;

Қоршаған ортаға техногенді ауыртпалықты азайтуды қамтамасыз ету.

Еншілес және тәуелді ұйымдарда корпоративтік мақсаттарды іске асыру үшін энергетикалық аудит жүргізілді және Энергия үнемдеу жөніндегі бағдарламалар жасалды, алайда іс-шаралардың бір бөлігі белсендіруді, қосымша іс-шаралар жүргізуді талап етеді. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жол картасына қосу үшін ҚТГ компаниялар тобы бойынша энергия үнемдеу және энергия тиімділікті арттыру жөніндегі іске асырылған және жоспарланған іс-шаралар жіберілді.

Жүргізілген энергоаудиттің нәтижелері бойынша «Интергаз Орталық Азия» АҚ-да, «Амангелді Газ» ЖШС-да энергия үнемдеу мен энергетикалық тиімділікті арттыру жөніндегі 2015-2019 жж. арналған іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді, ал «Азиялық газ құбыры» ЖШС-да – әзірлену үстінде. Сондай-ақ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-да ISO 50001 халықаралық стандартына сәйкес энергетикалық менеджмент жүйесі енгізілді.

ҚТГ ЕТҰ-ның ресурс-энергия үнемдеу бағдарламасын орындау шеңберінде отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) тұтыну туралы және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу мониторингі жүзеге асырылады. Энергия тиімділігін арттыру бағдарламасына сәйкес «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ компаниялар тобында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ға ҚТГ-ның отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуы жөнінде есеп беруі ұйымдастырылды.

Отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) тұтыну көлемі 2016 жылы ҚТГ компаниялар тобында 2015 жылмен (934750 т.ш.о.) салыстырғанда 928745 тонна (т.ш.о.) шартты отынды құрады.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша 2015-2019 жж. энергия үнемдеу әлеуеті (энергоаудиттің бекітілген іс-шаралары бойынша) 67588,12 т.ш.о. құрайды. ҚТГ компаниялар тобы бойынша отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) үнемдеу 2016 жылы – 9368,26 т.ш.о. (4,993 млн кВтс, 7478 мың текше м) құрады. Сондай-ақ, энергия ресурстарын 70% үнемдеу «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның үлесіне тиетінін атап өтеміз, яғни 2016 жылғы үнемдеу 9300 т.ш.о. (7436,2 мың м³, 4875 мың кВтс) құрады.

Бұл электржетекті газ айдау агрегатының жұмыс режимін, компрессорлық станциялар жұмысының режимі бойынша электрмен жабдықтау сызбаларын оңтайландыру есебінен, соның ішінде құбыр компрессорлық цехтардың резервтік қуатының күш трансформаторларын (4,509 млн. кВтс электр энергиясы немесе 554,607 т.ш.о.) ажырату және газтурбиналы жетегі бар КС компрессорлық станцияның жүктемесін (4,509 млн. кВтс электр энергиясы немесе 554,607 т.ш.о.) жеңілдету есебінен болып отыр.

Ортаазиялық газ транзиті көлемінің азаюына байланысты энергоресурстарды тұтыну көлемінің азаюы байқалып отырғанын атап өту қажет.

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1765 қаулысымен электр желілеріндегі қуат коэффициентінің нормативтік мәні кернеу класы бойынша анықталады: 110 кВ - $\cos \phi \geq 0,89$, 6-10 кВ желілер үшін - $\cos \phi \geq 0,92$, 0,4кВ желілер үшін $\geq 0,93$ (МЕМСТ 13109-97 сәйкес) болып белгіленді.

Энергоаудит бағдарламасына сәйкес жүргізілген өлшеу нәтижелеріне сәйкес ЕТҰ электр желілерінде қуат коэффициентінің ($\cos \phi$) нормативтік мәндері МЕМСТ талаптарына сәйкес келеді.

Энергия үнемдеу саласындағы міндеттерді іске асыру шеңберінде және электр энергиясын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында ЕТҰ-ның әкімшілік ғимараттарында қыздыру шамдарымен жарық беру толығы-

мен энергия үнемдеуші шамдармен алмастырылды. Өндірістік ғимараттарда энергия үнемдейтін шамдарға алмастыру энергия үнемдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Магистральдық газ құбырларын техникалық пайдалану қағидаларына сәйкес ЕТҰ компрессорлық станцияларының негізгі жылумен жабдықтау көздері барынша энергия тиімділігі мен жоғары ҚКК бар барлық өндірістік кешендерді жылумен қамтамасыз ететін автономды газ қазандықтары болып табылады. Сонымен қатар, объектілердің орталық жылу көзінен алыс орналасу себебінен жылумен жабдықтау және ыстық сумен жабдықтау үшін «Waterkotte» типті геотермалды жылу сорғыларының ЖЭК пайдаланылады. Бұл құрылғылар «Интергаз Орталық Азия» АҚ-да («Орал» МГҚБ -3 бірл. және «Атырау» МГҚБ – 6 бірл.) табысты жұмыс істеп келеді.

ЕТҰ барлық объектілерінде ыстық сумен жабдықтаудың (бұдан әрі ЫСЖ) негізгі көзі 1,0-ден 6,0 кВт дейінгі номиналды қуаты бар электрсу жылытқыштары («ARISTON», Termex model H150-V) болып табылады. Экономикалық тиімділігінің есептеулері 6 кВт асатын жеке электрлі қуаты бар электрсу жылытқыштарымен (электр бойлерлерімен) ғана күн коллекторларын қолдана отырып ЫСЖ құрамдастырылған жүйесін орнатудың дұрыстығын көрсетіп отыр.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының бизнесті трансформациялау Жол картасын орындау үшін газды тасымалдау және сақтау бойынша қызметтерді көрсету кезінде орындалатын бизнес-үдерістерді оңтайландыру, сондай-ақ шығындарды оңтайландыру мақсатында «ҚазТрансГаз» АҚ барлық еншілес ұйымдары «ҚазТрансГаз-Өнімдері» ЖШС балансына автокөлік және арнайы техникаларды (бұдан әрі - АКЖАТ) берді.

«ҚазТрансГаз-Өнімдері» ЖШС міндеті автомобиль отынының шығынын үнемдеуге бағытталған отын ресурстарын (жанармай, дизельді отын) үнемдеу бойынша, сондай-ақ АКЖАТ жұмысын газ отынын пайдалануға ауыстыру бойынша іс-шараларды әзірлеу болып табылады.

Қазақстан Республикасында АГТКС желілері арқылы газмоторлы отынды дамыту бағдарламасын іске асыру шеңберінде Алматы қ. 20 млн. м³ асатын сығымдалған табиғи газ (СТГ) өткізілген болатын, бұл 17 мың тонна көлеміндегі дизельді отынды (ДО) ауыстырумен тең.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № 904 қаулысымен бекітілген «Энергия үнемдеу – 2020» бағдарламасына сәйкес 2015 жылы «Интергаз орталық Азия» АҚ-ның Мақат желілік-өндірістік басқармасындағы энергия ресурстарын есепке алу кешенді автоматты жүйесі» (бұдан әрі – ЭЕКАЖ) жобасы іске асырылды.

«Қазақстан-Қытай» магистральдық газ құбырында отын-энергетикалық ресурстардың (ОЭР) ұтымсыз жұмсалуды болдырмауға мүмкіндік беретін тұйық циклді бу-турбогенераторлар (CCVT- Closed cycle vapor turbogenerator түріндегі), термоэлектр генераторлар (ТЭГ) және фотоэлектрлік модульдер қолданылған. Ұқсас жобалық шешімдер «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырында көзделген. Жаңартылатын энергия көздері бойынша технологияларды енгізу газ тасымалдау жүйесінде жаңа құрылыс объектілерінің жобаларын әзірлеуде ескерілетін болады.

Энергияның жаңартылаатын көздерін (ЖЭК) пайдалану салысындағы нормативтік және нормативтік-құқықтық құжаттаманы әзірлеу және жетілдіру инвесторлардың салынатын инвестициялардың қайтарылуына кепілдік беруіне және соның салдарынан, Қазақстан Республикасының аумағында ЖЭК пайдалану саласында жобаларды іске асыру және дамыту үшін әлеуетті инвесторларды тартуға мүмкіндік беретін қолдау тетігін жасауы тиіс.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

ҚТГ АҚ компаниялар тобының өндірістік объектілерінде өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігін, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілеріне, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «Еңбекті қорғауды басқару бірыңғай жүйесіне» (ЕҚББЖ) және ҚТГ еншілес және тәуелді ұйымдарының ЕҚББЖ сәйкес жүргізіледі.

Астана қаласында ҚТГ компаниялар тобындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңес өткізілді. ЕТҰ басшыларының еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт, экологиялық қауіпсіздік саласында жүргізілген жұмыс туралы есептері тыңдалды. Есептер оң қабылданды, бұл ретте хаттамалық шешімде жоғарыда көрсетілген жұмысты жақсарту үшін одан арғы міндеттер белгіленді.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша «Алтын қағидалар» қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлердің Кодексі орындауға қабылданды.

ҚТГ қатысуымен «ҚазТрансГаз-Өнімдері» ЖШС-ға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бекіткен «Жердегі көлік құралдарын қауіпсіз пайдаланудың регламенті» енгізілді.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы өзара қарым-қатынастарды жетілдіру және ынтымақтастық мақсатында Қазақстан-қытай газ құбырларында - «Азиялық Газ құбыры» ЖШС-да (бұдан әрі – АГҚ) мен «Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбыры» ЖШС-да (бұдан әрі – БШГҚ) 2015 жылғы қазанда Астана қаласында қытайлық әріптестермен АГҚ мен БШГҚ бәрлескен кәсіпорындарының өндірістік объектілеріндегі TAPLine компаниясы ұсынған ЕҚ, ТҚ және ҚҚ бойынша 39 басқарушылық құжаттарды (стандарттарды) қолдану мүмкіндігі туралы мәселелерді қарастыру және талқылау бойынша екіжақты кеңес өтті. Кеңес хаттамасымен Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттарға сәйкес ҚТГ, АГҚ және БШГҚ ескертулері мен ұсыныстарын есепке ала отырып, түзетулерді енгізгеннен кейін АГҚ мен БШГҚ-ға 11 басқарушылық құжаттарды (стандарттарды) қолдану мүмкіндігі туралы шешім қабылданды.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

ҚТГ компаниялар тобы өндірістік объектілерін барып (ішінара) тексерулер нәтижелері бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қорытындыларымен расталған еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша есептіліктің 100% ашықтылығына қол жеткізілді. ҚТГ компаниялар тобы бойынша ашық есептілікті қамтамасыз ету ДБКАЖ бағдарламасына оқиғалардың барлық түрлері бойынша дұрыс деректерді уақытында енгізу жолымен жүзеге асырылады.

Еңбекті қорғау саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес мыналар: көп деңгейлі бақылау, оқыту және білімдерін тексеру, еңбек жағдайлары бойынша объектілерді аттестаттау, еңбектің санитарлық-гигиеналық жағдайларын жасау, арнайы киіммен қамтамасыз ету, жазатайым оқиғалардан сақтандыру, медициналық және ауысым алдындағы куәландырудан сақтандыру жөніндегі шаралар ұйымдастырылып, өткізілді.

2016 жылы өндіріспен байланысты үш жазатайым жағдай болды:

2016 жылы 17 ақпанда 11 сағат 20 минутта аралықтар арасындағы қабырғаға саңылаулар ою бойынша жұмыстарды орындау кезінде «Интергаз Орталық Азия» АҚ Ақтау МГБ Жаңаөзен ЖӨБ ЭСҚ қызметінің дәнекерлеуші-жөндеушісі К.Т.Тәжмағамбетов төмен түсу кезінде шалыс басып 1,5 метрлік биіктіктегі жиналмалы ұзартқыш баспалдақтан құлады, құлау нәтижесінде омыртқасын зақымдап алды;

2016 жылғы 31 мамырда бекітілген автомобильдің рейс алдындағы жұмыстарын және күн сайынғы қарап тексеруін жүргізу шеңберінде жүргізуші Б.К.Қарабашев дөңгелектердің, оның ішінде тіркеменің бортында тұрған артық дөңгелектің жай-күйін тексерген. Бұл ретте ол тайып кетіп, тепе теңдігін жоғалтып, тіркеме борты бұрышына арқасымен соғылып құлаған. Құлау нәтижесінде кеуде-бел бөлігінің арқа жұлынынан жеңіл дәрежелі соғылу алды;

2016 жылғы 20 желтоқсанда шамамен 16 сағат 15 минутта трассадағы жұмысты аяқтағаннан кейін, құрамында жүргізуші Н.Надырбай, инженер Н.У.Зулкашев бар бригада Камаз автомашинасымен орналасқан жерлері бойынша КС-13-ке қайтып келе жатты. Қозғалыс жолында КС-13-ке 36 км жетпей, автомобиль қар басып қалған шұңқырға түсіп кетті. Машина қисайғанда Н.У.Зулкашев орындыққа соғылып, тірек-қозғалу жүйесінің зақымын алды және саусағын кесіп алды.

Қазіргі уақытта барлық зардап шеккен жұмыскерлер емдеу курсынан өтті.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Есепті кезеңде ҚТГ компаниялар тобы объектілерінде өртке қарсы іс-шаралар жүргізілді. Олар: өрттен қорғау өңдеуі, өрт сөндіргіштерді жөндеу, куәландыру және қайта зарядтау, персоналды өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту және нұсауқаулық беру, автоматты өрт сөндіру және дабыл беру жүйелерін монтаждау, өртке қарсы автоматика жүйелеріне техникалық қызмет көрсету, өртке қарсы сүмен жабдықтауды монтаждау және жөндеу сияқты іс-шаралар.

Объектілерді өрттен қорғауға арналған шарттар жасалды.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының объектілерінде есепті кезеңде өрт пен тұтануларға жол берілген жоқ.

ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК

Есепті кезеңде ҚТГ компаниялар тобы бойынша мынадай құбырларды диагностикалау, құбырлардың ақаулы учаскелерін ауыстыру, крандарды ауыстыру, құбырларды оқшаулауды ауыстыру, персоналды оқыту және білімдерін тексеру, өндірістік объектілерді декларациялау, өндірістік бақылау сияқты іс-шаралар өткізілді.

Бұрқаққа қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, объектілерді өртке қарсы іс-әрекеттерден күзетуге арналған шарттар жасалды.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Парник газдары шығарындыларының көздерін жыл сайынғы түгендеу және парник газдарының паспорттарын мемлекеттік кадастрда одан әрі тіркеу үшін уәкілетті органға тапсыру жөніндегі жұмыс жалғастырылды. Сондай-ақ, ҚР Энергетика министрлігі өткізген ҚР «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде еуропалыққа жақындатылған ПГ шығарындылары жөніндегі жаңа стандарттарға көшудің қағидааттары мен жол картасын әзірлеу жөніндегі кеңестерге де қатысты.

ҚР ЭМ, «KazEnergy» АҚ-ның ұсынуы бойынша ҚТГ қоршаған ортаны қорғау саласына қатысты Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық және заңға тәуелді актілерін қарастырды, оның ішінде:

«ҚР кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы;

Парниктік газдардың шығарындыларына квоталар бөлудің 2016-2020 жылдарға арналған ұлттық жоспары;

«Квоталар бөлінетін субъектілер үшін паниктік газдарды түгендеу туралы есеп нысандарын бекіту туралы» ҚР Энергетика министрі бұйрығының жобасы;

«Өндіріс қалдықтары мен тұтынудың мемлекеттік кадастры»;

«Өнімдер үшін бенчмарктердің өзектілігін бөлуді ынталандыру» және «Квоталарды бөлу әдіснамасы» техникалық есеп.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Ақтөбе» МГБ КС-14 компрессорлық станциясында метанның жылыстауын табу және сандық өлшеу бойынша «Carbon Limits AS» норвегиялық компаниясымен бірлескен жұмыс жүргізілді.

Әлеуметтік жауапкершілік

КАДРЛЫҚ САЯСАТ

ҚТГ бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін сезіне отырып, әлеуметтік прогреске және қоғамның әл-ауқатының өсуіне жәрдемдесуге, өңірлер халқының тұрақты дамуына және салауаттылығына, өз қызметкерлерінің әл-ауқат деңгейін арттыруға күш-жігер салады. Қоғам саясатының негізі – әрбір қызметкердің қамы, әлеуметтік мәселелерді шешу басымдығы.

Бүгінгі өзгерістер тұрғысынан ұйымның сыртқы орта жағдайларына сәйкестігін қамтамасыз ететін инновацияларды уақтылы енгізу қажеттілігі бар. Бұл ретте кадрлық саясаттың қызметкерлердің негізгі мүдделерін қозғайтын (мысалы, жұмыспен қамту, еңбекақы төлеу саясаты), алдын ала біліп отыруға және тұрақты болуға тиіс бөлігінен басқа, кадрлық саясат үнемі өзгеріп отыратын сыртқы ортаның жаңа талаптарына жауап ретінде іске асырылуына қарай пысықталып отырады.

Кадрлық саясат персоналмен жұмыс саласындағы үздік тәжірибені ескере отырып, осылайша, бірыңғай тәсілді қалыптастыруға және ҚТГ-ның персоналды басқару саласындағы құндылықтарының корпоративтік жүйесін әзірлеуге мүмкіндік жасаумен кадрлық менеджменттің бар тәсілдерін, жолға қойылған әдістері мен құралдарын біріктіруге шақырады.

Әзірленетін Кадрлық саясаттың негізіне мынадай базалық қағидаттар алынған:

Ашықтық – адам ресурстарын басқару процесінің барлық кезеңіндегі ашықтық;

Кешенділік – персоналды басқару қызметінің барлық салаларын қамту;

Жүйелілік – саясаттың өзара байланыстағы барлық құраушы элементтерін қарау;

Негізділік – персоналды басқару саласында ең жоғары экономикалық және әлеуметтік нәтижені қамтамасыз ете алатын қазіргі заманғы ғылыми әзірлемелерді пайдалану;

Тиімділік – персоналды басқару саласындағы іс-шаралар шығындары өндірістік қызмет нәтижелерімен етелуі тиіс.

КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Қоғамның компаниялар тобы ұжымдарда салауатты жұмыс микроауалын құруға бағытталған әлеуметтік сипаттағы төлемдердің өсуіне үлкен назар аударады, бұл қызметкерлердің өздерінің негізгі функцияларын сәтті орындауына мүмкіндік береді. Қоғам қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету саласындағы бірыңғай корпоративтік саясатты айқындайды және салмақты үлесін материалдық көмек, әлеуметтік жәрдемақылар мен өтемақылар, әлеуметтік кепілдіктер құрайтын әлеуметтік сипаттағы төлемдерге үлкен назар аударады.

«ҚазТрансГаз» АҚ өз қызметкерлеріне медициналық сақтандыруды, материалдық көмекті, оның ішінде еңбек демалысы кезінде қызметкерлердің емделуі мен сауықтыруына арналған әлеуметтік қызметтер пакетін және көптеген басқаларды ұсынады. Ұжымдық шарттар мен Әлеуметтік қолдау көрсету қағидасы негізінде 2016 жылы Қоғамның компаниялар тобының қызметкерлеріне материалдық көмектің мынадай негізгі түрлері төленді:

- демалысқа сауықтыруға берілетін материалдық көмек – 3 185 561 мың теңге;
- бала туылғанда – 133 528 мың теңге;
- қызметкердің отбасы мүшесінің қайтыс болуына байланысты – 62 280 мың теңге;
- жүктілігі мен бала тууы, жаңа туған ұл баланы және қыз баланы асырап алуы бойынша әлеуметтік жәрдемақылар – 48 983 мың теңге;
- курорттық аймақтарға сауықтыру сапарларына – 91 862 мың теңге;
- өзге төлемдер (некеге тұруына байланысты, зейнеткерлікке шығу кезінде, мерейтойлық түндерге және т.б.) – 88 170 мың теңге.

Корпоративтік рухты нығайту, дене шынықтыру мен спортты насихаттау мақсатында, ҚТГ қызметкерлері арасында салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызды факторы ретінде 2016 жылғы 10-11 маусымда Астана қаласында ҚТГ компаниялар тобының қызметкерлері арасында Спартакиада өткізілді. Спартакиадада бірінші рет командалар Қоғам қатысатын бір өңірде орналасқан ЕТҰ қызметкерлерінен - «Астана», «Алматы», «Батыс», «Оңтүстік» командалары қалыптастырылды.

Балаларға арналған іс-шараларды өткізуге және қызметкерлердің 7-ден 14 жасқа дейінгі балаларына демалыс ұйымдастыруға 2016 жылы 45 415 мың теңге бөлініп, игерілді.

Қоғамның компаниялар тобы бойынша әлеуметтік төлемдердің жалпы сомасы (жұмыс берушінің әлеуметтік төлемдерін ескере отырып) 2016 жылы 4 507 367 мың теңгені құрады.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН ОЛАРДЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ, ӨМІР СҮРУ САПАСЫ

Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің еңбек жағдайлары, өмір сүру сапасын қамтамасыз ету үшін ҚТГ компаниялар тобының бюджеттерінде жыл сайын Қазақстанның ең үздік клиникаларындағы медициналық қызметтердің кең спектрін қамтитын ерікті медициналық сақтандыруға қаражат көзделеді. Бұл ретте қызметкерге медициналық қызмет көрсету бағдарламасына медициналық қызметтердің бүкіл спектрін ұсынумен қатар дәл сол шарттарда оның отбасына (ері, зайыбы және балалары) қызмет көрсету көзделген. Бұдан басқа, сақтандыру компаниясы ұсынатын қызметтердің аясында физиологиялық жүктілік патронажы көзделген.

Мәселен, егер 2016 жылы Қоғамның компаниялар тобының қаражаты есебінен жалпы сомасы 851,5 млн.тг қызметкерлерді медициналық сақтандыру, оның ішінде 50 млн. теңгеге «ҚазТрансГаз» АҚ-ның қызметкерлерін сақтандыру жүзеге асырылды.

Газ саласы қызметкерлерінің көпшілігінің жұмысы магистральдық газ құбырына байланысты және бір жағынан, қатаң климаттық жағдайлармен (ауыз судың жай-күйі, шаңды дауыл және т.б.), ал екінші жағынан, транзиттік газ құбырлары көбінесе елдің экологиялық жағынан қолайсыз өңірлері арқылы өтетіндігімен сипатталатыны белгілі.

«Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» ҚР заңнамасына сәйкес Арал өңіріндегі тұрғындарға негізгі жалақыларына 20 %-дан 50 %-ға дейінгі мөлшерде экологиялық коэффициент есептеледі, сондай-ақ саны 6-дан 12 күнге дейін қосымша демалыс беріледі.

Қызметкерлердің ауруларының алдын алу, сондай-ақ демалыс кезеңінде оларды емдеу мен оңалту жөнінде жұмыс жүргізіледі.

Қоғам әлеуметтік сипаттағы төлемдерді өсіруге көп көңіл бөледі, олардың қомақты үлесін әлеуметтік төлемдер мен кепілдіктер құрайды. Ең алдымен олар әлеуметтік әріптестік негізінде ұжымдардағы дұрыс жұмыс микроахуалын құруға бағытталған, бұл өздерінің негізгі функцияларын табысты орындауына мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Қоғамда қызметкерлердің кәсіптік одақтарының қоғамдық бірлестіктері жұмыс істейді, жұмыс шеңберінде олармен қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасында ұжымдық шарттар жасалған, олар қызметкерлерге еңбек заңнамасында белгіленгеннен едәуір асып түсетін әлеуметтік кепілдіктерді, төлемдерді және өтемақылар мен жеңілдіктерді көздейді, мысалы:

- алғашқы некеге тұруға, бала туылуына байланысты, жақындарының қайтыс болуына байланысты жерлеуге және т.б. арналған төлемдер;
- жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты қосымшаақы төленетін демалыстар;
- қызметкерлердің санаторлық-курорттық емдеу құнының және компания қызметкерлерінің балаларына балаларға арналған сауықтыру лагерлеріне жолдамалар құнының 75 %-ына және одан астам бөлігіне ақы төлеу;
- және т.б. сияқты.

КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ДАЯРЛАУ, ОҚЫТУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

Персоналдың қозғалысы барынша болжанатын, жоспарланатын және компанияны дамытудың жалпы тұжырымдамасына сәйкес келетін болуға тиіс екенін назарға ала отырып, оның кадрлық әлеуетін күшейту үшін барлық мүдделі тараптар: студенттер, білім беретін ұйымдардың өкілдері және Қоғам үшін жалпы кешенді тәсіл қажет. Сондықтан пайда болатын бос орындарды жоспарлы түрде толтыру мақсатында, сондай-ақ қандай да бір бағыттағы лауазыммен қойылатын талаптарға жауап беретін жас мамандар тобын қалыптастыру үшін ЕТҰ-да Жас мамандарды даярлау қағидалары әзірленіп, бекітілді. Бұл ішкі құжат жас мамандарды даярлауға қажеттілікті айқындау, кандидаттарды жинау тәртібін, Қазақстан Республикасының, таяу және алыс шетелдің оқу орындарына оқуға жіберу тәртібін сипаттайды. Қазіргі уақытта штаттан тыс кадр әлеуетін дамыту жөніндегі комиссияның құрамы бекітілді, осы мәселе бойынша жоғары оқу орындарымен хат алысу жүргізілуде. Үздік техникалық жоғары оқу орындары базасында Қоғамның компаниялар тобы ұйымы үшін жоғары білімі бар мамандарды даярлау жоспарланып отыр.

ҚТГ қызметкерлері Астана қ. «Самұрық-Қазына» корпоративтік университеті) жеке мекемесі базасында да, Қазақстан Республикасының, таяу және алыс шетелдегі басқа да оқу орталықтарының базасында да біліктілікті арттыру курстарына, семинарларға, тағылымдамадан өтуге және тренингтерге қатысады.

ҚТГ-да персоналды дамытуға бағытталған «Даярлау және біліктілікті арттыру» сияқты бағдарламалар әрекет етеді, сондай-ақ «Жас маман» бағдарламасы әзірленген.

ҚТГ компаниялар тобы кадрлық резерві қалыптастырылды.

«Даярлау және біліктілікті арттыру» - Компанияның персоналын дамыту жөніндегі тұрақты әрекет ететін бағдарлама.

ҚТГ-да даярлау мен біліктілікті арттыруға бағытталған персоналды дамыту жөніндегі бағдарлама әрекет етеді. Жыл сайын ҚТГ-ның бюджетінде персоналды оқытуға және біліктілігін арттыруға қаражат көзделеді. ҚТГ-да ПР ҚР 51.3-002-2004 Магистральдық газ құбырларын техникалық пайдалану қағидаларына («Персонал-

ды техникалық даярлау» деген 1.2-т.) сәйкес магистральдық газ құбырларының техникалық объектілерін әлеуметтік жағынан даярланған персонал пайдалануға тиіс. Қауіптілігі жоғары объектілерге қызмет көрсететін персонал мемлекеттік техникалық қадағалау жергілікті органдарымен келісілген бағдарламалар бойынша кәсіпорындар арнайы құратын курстарда даярлаудан (қайта даярлаудан) өтуге тиіс.

2016 жылы ҚТГ компаниялар тобы 4 442 қызметкерді жалпы сомасы 288,823 млн. теңгеге оқытты, олар Қазақстан Республикасының, Әзірбайжан оқытушы ұйымдар мен оқу орталықтарының базасында даярлықтан өтеді және өздерінің біліктілік деңгейін арттырады. Жұмыс персоналын кәсіптік оқыту және дамыту ҚТГ кадрлық саясатының ұзақ мерзімді және басым бағыттарының бірі болып табылады, өйткені жұмысшы кадрлардың кәсіптік деңгейі қауіпсіз өндірістің тиімділігін арттырудың, еңбек өнімділігін өсіру мен жұмыстың сапасын жақсартудың маңызды факторы болып табылады.

Жас мамандарды сапалы кәсіптік даярлауға ерекше көңіл бөлінеді. ҚТГ-да ҚТГ қызметкерлері балаларының Қазақстан мен Ресейдің жоғары оқу орындарында білім алуы үшін қолдау көрсетіледі. Осы мақсатта «Жас маман» бағдарламасы әзірленген. Жоғары оқу орындарында Қоғамның қаражаты есебінен республикамыздың жас азаматтары білім алуда, олар оқуды бітіргеннен кейін газ саласына жұмысқа келеді.

Бұдан басқа, 2016 жылы «ҚТГ компаниялар тобы бойынша кадрлық резерв» жобасының шеңберінде 8 қызметкер «КИМЭП Университеті» АҚ-да басқарушылық кадрлар үшін магистратуралық бағдарламаға түсті.

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

2016 жылы «ҚМГ ҰК АҚ-да демеушілік көмек көрсету саясатының» күшіне енуіне байланысты демеушілік көмек көрсету тоқтатылды.

Корпоративтік басқару

«ҚазТрансГаз» АҚ корпоративтік басқару

ҚТГ қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру болып табылады.

ҚТГ Қоғамды капиталдандыруды орнықты өсірудің, корпоративтік жанжалдардың туындау ықтималдығын азайтудың, Қоғамның инвесторлар үшін тартымдылығын ұлғайтудың, сондай-ақ имиджге оң әсер етудің негіз қалаушы шарты тиімді корпоративтік басқару болып табылатынын негізге алады.

Корпоративтік басқаруды дамытудың негізгі мақсаты ҚТГ тиімді қызметін қамтамасыз ету, акционерлік капитал құнының өсуі, инвесторлар құқықтарын қорғауды және Жалғыз акционердің мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Қоғам, корпоративтік басқарудың маңыздылығын түсіне отырып, корпоративтік басқару қағидаттарын енгізуге зор көңіл бөледі. 2015 жылы Корпоративтік басқару кодексі жаңа редакцияда бекітілді. Қоғамның Корпоративтік басқару кодексі ҚР Үкіметінің 15.04.2015 ж. № 239 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның корпоративтік кодексіне сәйкес әзірленді.

Қоғам Жалғыз акционердің мүдделер теңгерімін, Қоғамның және мүдделі тұлғалардың менеджментін белгілеуге ұмтылады, бұл ретте холдингтік компания ретінде ҚТГ корпоративтік басқару жүйесі өзіне корпоративтік сатының: акционерлердің жалпы жиналысының, ҚТГ директорлар кеңесінің, атқарушы органының және ЕТҰ-ның осындай басқару органдарының бірден бірнеше деңгейінің өзара іс-қимылын қамтиды.

Корпоративтік басқару тиімді жүйесін құру жөніндегі дайындық іс-шаралары шеңберінде холдингтің ұйымдық құрылымына өзгерістер енгізілді: ҚТГ – газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор ретінде меншік құрылымының жырмалану мүмкіндігін шектеуге, ақпаратты жабуға арналған шығындарды барынша азайтуға, басқарушылық шешімдер қабылдау рәсімін оңайлатуға бағытталған корпоративтік орталық болып табылады.

ҚТГ-ның да, ЕТҰ-ның да акционерлерінің жалпы жиналысы, директорлар кеңесі мен атқарушы органдары арасындағы функцияларды қисынды бөлу жарғыларда бекітілген және ЕТҰ менеджментінің ағымдағы басшылықты жүзеге асыруына кедергі келтірмейді.

ҚТГ-ның ЕТҰ-ға қатысты корпоративтік басқару мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін бизнесті трансформациялау шеңберінде олардың ұйымдық құрылымдарын қайта жобалау жүргізіледі, ол корпоративтік басқаруды жүзеге асыру шеңберінде лауазымды тұлғалардың өкілеттіктері мен жауапкершілігін қайта бөлу мен регламенттеуді, корпоративтік өзара іс-қимыл бизнес-процестерін оңтайландыруды білдіреді.

ҚТГ-да кез келген акционерлік компания үшін тән қағидаттардан басқа, корпоративтік басқарудың бірыңғай стандарттары (акционерлер мен мүдделі тұлғалардың құқықтарын сақтау, ақпараттық ашықтық, тиімді директорлар кеңесінің болуы, компанияның басқару органдары арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты ажырату, меншіктің ашық құрылымы, ішкі бақылау тиімді жүйесінің болуы) енгізілуде, ҚТГ-да Қоғам мен оның ЕТҰ үшін жалпы стратегиялық мақсаттардың іске асырылуын қамтамасыз ететін корпоративтік басқарудың бірыңғай стандарттарын негізге алу қағидатын бөліп көрсетуге болады.

ҚТГ-ның ЕТҰ-ларының қызметіндегі мүдделері корпоративтік басқару саясатын (немесе бағдарламасын) әзірлеу мен іске асыру арқылы жүзеге асырылады, ол өзіне мыналар сияқты бірге бағытты қамтиды:

- ЕТҰ қызметін жоспарлау және оның қаржылық нәтижелерін бақылау, оның ішінде ЕТҰ пайдасын бөлу бағыттарын анықтау және бақылау;

- ЕТҰ-ның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау, оның ішінде ЕТҰ-ның активтерімен мәмілелер жасасу;

- ЕТҰ-ның бизнесті басқару саласындағы ішкі процестерінің тиімділігін үздіксіз арттыру;

- ЕТҰ-ның инвестициялық тартымдылығын және капиталдандырудың өсуін қамтамасыз ету;

- ЕТҰ-ның кадрлық саясатын қалыптастыру және іске асыру.

Жалғыз акционер мынадай қатысушыларды: «белсенді» акционерді, Директорлар кеңесін, Басқарма мен орталықтандырылған ішкі аудит қызметін қамтитын корпоративтік басқару моделін айқындады.

АКЦИОНЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ

ҚТГ-ның Жалғыз акционері ҚМГ болып табылады. ҚМГ ҚТГ корпоративтік басқармасын қалыптастыру мен жолға қоюдағы белсенді рөлді ойнайды. ҚМГ мынадай жолмен ҚТГ корпоративтік басқармасын дамытуға жәрдемдеседі:

- 2007 жылы Корпоративтік басқару кодексін енгізу және ҚР Үкіметі 2015 жылы сәуірде бекіткен жаңа Корпоративтік басқару кодексін әзірлеуге қатысу;
- Корпоративтік басқару деңгейін диагностикалауды жүргізуді қоса алғанда корпоративтік басқару стандарттарын енгізген кезде әдістемелік қолдау көрсету.

ЕТҰ өзара әрекет ету

Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара әрекет ету

Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара іс-қимыл ҚТГ мен ЕТҰ тиісті органдары арқылы бекітілген корпоративтік рәсімдер шеңберінде жүзеге асырылады.

ҚТГ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарымен өзара іс-қимылының негізгі мақсаттары мыналар:

ҚТГ мен ЕТҰ тұрақты қаржылық дамуын, табыстылығын, инвестициялық тартымдылығын арттыруды қамтамасыз ету;

Акционерлердің және ЕТҰ акционерлерінің құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

ҚТГ мен ЕТҰ акционерлерінің, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің арасындағы қатынастарды үйлестіру, олардың арасындағы және көрсетілген топтар арасындағы қайшылықтардың туындауының алдын алу бойынша жүйелік шараларды қабылдау;

ҚТГ және ЕТҰ үйлестірілген және тиімді инвестициялық саясатын әзірлеу және іске асыру.

ҚТГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНДА КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТЕТІКТЕРІ

Еншілес және тәуелді ұйымдарды басқарудың тік жүйесін құру;

ЕТҰ бірыңғай корпоративтік стандарттарын енгізу;

ЕТҰ басқару органдарында өз өкілдерін ілгерілету;

ЕТҰ директорлар кеңестерінде Қоғамның өкіліне ұсынымдар негізінде мәселелерді талқылау бойынша өкілдердің байыпты дауыс беруін қамтамасыз ету;

Басқару органдарындағы өкілдер арқылы ЕТҰ қызметін бақылауды ұйымдастыру, қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді жүргізу, аудиторлы таңдау және басқалары.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

Қоғамның корпоративтік басқару органдары мыналар болып табылады:

- 1) Жалғыз акционер – жоғары орган;
- 2) Директорлар кеңесі – Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын және оның қызметінің басым бағыттарын айқындайтын басқару органы. Директорлар кеңесі алты мүшеден тұрады, оның екеуі тәуелсіз директор болып табылады;
- 3) Басқарма – Қоғамның міндеттерін орындау және стратегиясын іске асыру мақсатында Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚТГ Басқармасы жеті адамнан тұрды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі алты мүшеден тұрды, олар:

Директордың аты-жөні	ҚТГ-дағы лауазымы
Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы
Берлібаев Данияр Әмірбайұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Қасымбек Ардақ Махмұдұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Сүлейманов Рустам Эдуардұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Нұрғазиев Айрат Айттанұлы	Тәуелсіз директор
Бердалина Жанат Қоланқызы	Тәуелсіз директор

Жалғыз акционердің шешімімен (ҚМГ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №1 хаттамасы) ҚТГ Директорлар кеңесінің сандық құрамы бес мүше санда айқындалды, ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесі Д.А.Берлібаевтің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Жалғыз акционердің шешімімен (ҚМГ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 сәуірдегі №5 хаттамасы) ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесі А.М.Қасымбектің, ҚТГ Тәуелсіз директоры Ж.К.Бердалинаның өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды, Директорлар кеңесінің мүшесіне А.Ж.Мұқышев және тәуелсіз директорға С.Ж.Жаманбалин сайланды.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы Директорлар кеңесінің құрамы:

Директордың аты-жөні	ҚТГ-дағы лауазымы
Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы
Мұқышев Ардақ Жұмағұлұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Сүлейманов Рустам Эдуардұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Нұрғазиев Айрат Айттанұлы	Тәуелсіз директор
Жаманбалин Серік Жәрдемұлы	Тәуелсіз директор

Компанияның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі директорлар А.А.Нұрғазиев пен С.Ж.Жаманбалиннің тәуелсіздік фактісін белгіледі:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында оларға қойылатын тәуелсіздік өлшемдеріне сәйкес келеді;

- өз міндеттерін орындау және Жалғыз акционер мен ҚТГ-ның мүддесі үшін бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімдері, біліктілігі, оң жетістіктері және іскерлік орта мен Қазақстанның газ саласында мінсіз беделі бар;

- «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереженің Директорлар кеңесінің мүшесін тәуелсіз деп тануға әсер етуі мүмкін қатынастарға немесе жағдайларға жол бермейтін талаптарына сәйкес келеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуы

А.Т.Ә.	Лауазымы	Қатысу саны	Қатысу пайызы	Ескертпелер
Шәріпбаев Қ.Қ.	Директорлар кеңесінің төрағасы	55-тен 55	100 %	ЖА-ның 2015 ж. 11 желтоқсандағы №17/2015 шешімімен ҚТГ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды
Сүлейманов Р.Э.	Директорлар кеңесінің мүшесі	55-тен 55	100 %	ЖА-ның 2015 ж. 11 желтоқсандағы №17/2015 шешімімен ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
Берлібаев Д.Ә.	Директорлар кеңесінің мүшесі	3-тен 3	100 %	ЖА-ның 2014 ж. 20 ақпандағы 1/2014 шешімімен ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
Қасымбек А. М.	Директорлар кеңесінің мүшесі	6-дан 6	100 %	ЖА-ның 2014 ж. 20 ақпандағы №1/2014 шешімімен ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды, ЖА-ның 2016 жылғы 28 сәуірдегі №5/2016 шешімімен 2016 жылғы 11 ақпаннан бастап өкілеттіктері тоқтатылды
Нұрғазиев А.А.	Тәуелсіз директор	55-тен 55	100 %	ЖА-ның 2014 ж. 20 ақпандағы №1/2014 шешімімен ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
Бердалина Ж.К.	Тәуелсіз директор	20-дан 20	100 %	ЖА-ның 2014 ж. 20 ақпандағы №1/2014 шешімімен ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
Мұқышов А.Ж.	Директорлар кеңесінің мүшесі	35-тен 35	100 %	ЖА-ның 2016 ж. 28 сәуірдегі №5/2016 шешімімен ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
Жаманбалин С.Ж.	Тәуелсіз директор	34-тен 34	100 %	ЖА-ның 2016 ж. 28 сәуірдегі №5/2016 шешімімен ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды

Қоғамның Директорлар кеңесінің есепті кезеңінде 55 (55 көзбе-көз) отырыс өткізілді. Қаралған мәселелердің жалпы саны 161.

Директорлар кеңесінің жауапкершілігі

Директорлар кеңесі «Қоғамның қызметін тиімді басқару және тиісінше бақылау үшін Жалғыз акционердің алдында жауапты болады және шешімдер қабылдаудың бекітілген тәртібіне сәйкес әрекет етеді. Директорлар кеңесінің неғұрлым маңызды функциялары Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау, ірі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау және басқа да елеулі мәселелер болып табылады.

Басқарманың жауапкершілігі

Өз кезегінде, Басқарма Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу үшін, Қоғамның қаржы-шаруашылық және өндірістік қызметінің ағымдағы мәселелері бойынша жауапты болады. Басқарма Қоғамның бизнес-жоспарына қол жеткізу бойынша істелген жұмыстың жай-күйі үшін Директорлар кеңесінің алдында есеп береді.

Осылайша, барлық қатысушылардың өз өкілеттіктерінің корпоративтік қатынастарын, жауаптылық аясын, есептілігін, құқықтары мен міндеттерін түсінуі, көрсетілген аспектілерді Қоғамның Жарғысында нақты бекіту мүдделер жанжалы тәуекелін азайтады, ізінше, корпоративтік дамыту қағидаттары мен құрылымының бірыңғай пайымдауын құрады.

Басқарманың құрылымы

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚТГ Басқармасының құрамына Бас директорды, оның орынбасарларын және кеңесшілерін қоса алғанда, жоғарғы буын басшылары кірді.

Т.А.Ә.	Лауазымы	Кезеңі
Сүлейманов Рустам Эдуардұлы	Бас директор (Басқарма төрағасы)	11.12.2015 ж.
Сердиев Ибулла Жұмағұлұлы	Бас директордың бірінші орынбасары	12.08.2015 ж.
Көшеров Даир Әділбекұлы	Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары	10.01.2014 ж.
Темірханов Ерқанат Уақбайұлы	Бас директордың трансформация және дамыту жөніндегі орынбасары	06.04.2015 ж.
Нұрланов Нұржан Нұрланұлы	Бас директордың техникалық саясат жөніндегі орынбасары	31.03.2016 ж.
Әбдіғұлова Найля Өмірзаққызы	Аппарат басшысы	12.06.2015 ж.
Абдрасулов Нұрлан Қадырұлы	Бас директордың кеңесшісі	23.04.2015 ж.

ҚТГ Директорлар кеңесінің 2016 жылы ҚТГ Басқармасының құрамына қатысты қабылданған шешімдері

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 31 наурыздағы шешіміне сәйкес (№15 хаттаманың 1-тармағы) Басқарма құрамы 7 (жеті) адам көлемінде Басқарманың қолданыстағы құрамы өкілеттіктері мерзіміне жалпы 3 жылға айқындалды, Басқарма құрамына «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының техникалық саясат жөніндегі орынбасары Нұрланов Нұржан Нұрланұлы «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасы үшін белгіленген өкілеттіктер мерзіміне сайланды.

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 31 наурыздағы шешімімен (№15 хаттаманың 1-тармағы) «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасының мүшелері Бас директорының техникалық саясат жөніндегі орынбасары Серік Естайдың, Бас директордың кеңесшісі Еркен Зарипұлы Қасеевтің, Бас директордың кеңесшісі Қанат Рахымбергеноұлы Құрманалиевтің, Бас директордың кеңесшісі Павел Викторович Климовтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 31 наурыздағы шешімімен (№15 хаттаманың 1-тармағы) Басқарма құрамы 7 (жеті) адам көлемінде Басқарманың қолданыстағы құрамы өкілеттіктері мерзіміне жалпы 3 жылға, 2019 жылғы 1 сәуірге дейін айқындалды. «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасының қолданыстағы құрамына Бас директор – Сүлейманов Рустам Эдуардұлы, Бас директордың бірінші орынбасары – Сердиев Ибулла Жұмағұлұлы, Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары – Көшеров Даир Әділбекұлы, Бас директордың трансформация және дамыту жөніндегі орынбасары – Темірханов Ерқанат Уақбайұлы, Бас директордың техникалық саясат жөніндегі орынбасары – Нұрланов Нұржан Нұрланұлы, Аппарат басшысы – Әбдіғұлова Найля Өмірзаққызы, Бас директордың кеңесшісі – Абдрасулов Нұрлан Қадырұлы кіреді.

ҚТГ Басқармасының отырыстары мен қабылданған корпоративтік шешімдер туралы жалпы мәліметтер

2016 жылғы 12 айда Қоғамның Басқармасы:

Өткізілген отырыстар - **44**;

Қаралған мәселелер - **225**.

Оның ішінде:

Қоғамның қызметіне қатысты мәселелер - **126**,

Еншілес және тәуелді ұйымдардың қызметіне қатысты мәселелер - **99**.

ҚТГ-ның қызметіне қатысты мәселелердің жалпы санынан:

Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын алдын ала мақұлданған мәселелер - **151**

Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер - **74**

Жасалуына қатысты ерекше жағдайлар белгіленген мәмілелер туралы мәліметтер

Қоғамның Басқармасы қараған жасалуына мүдделі мәмілелердің жалпы саны (Қоғамның қызметіне қатысты мәселелердің жалпы санынан) - **50**.

Оның ішінде:

Алдын ала мақұлданған және Қоғамның Директорлар кеңесіне шығарылған мәмілелер – **23**.

«Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасасу қағидасы шеңберінде бекітіліп, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда оларға қатысты ерекше жағдайлар белгіленгені – **27**.

Есепті кезеңде атқарушы орган ретінде Басқарманың негізгі міндеті – ағымдағы қызметке басшылық жасау «ҚазТрансГаз» АҚ-ның Жарғысында, Корпоративтік басқару кодексінде және Басқарма туралы ережесінде бекітілген қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылды.

Орнықты даму

Компанияның орнықты дамуы

Бизнесті орнықты дамыту – бұл кәсіпорынның бірегей даму стратегиясы, соның арқасында бәсекелес нарықта компанияның ұзағынан сәтті әрекет етуі қамтамасыз етіледі.

Компанияның орнықтылығы – бұл бизнестің қауіпсіздік (өндірістік және экологиялық); жауапкершілік (өңірлердің тұрғындары мен кәсіпорынның қызметкерлері алдында компанияның әлеуметтік тартымдылығы); өндірістің экологиялығы (пайдаланылатын ресурстарды сақтау және қайта жаңарту) сияқты бағыттырда нарық үшін неғұрлым тартымды көріну қабілеті.

2013 ж. ҚТГ-да GRI Басшылығына сәйкес дайындалған орнықты даму саласындағы Есеп жарияланады. Есепте орнықты даму тұрғысынан қызметтің неғұрлым елеулі мынадай аспектілері қозғалады: мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл, қоршаған ортаны қорғау және еңбекті қорғау және өндіріс қауіпсіздігі, адам капиталын дамыту, Компаниялар тобы қатысатын өңірлердің дамуына салынатын инвестициялар.

Есепте мүдделі тараптармен диалогты кеңейтуге едәуір көңіл бөлінетін болады – бұл мәселелер Компаниялар тобының ашықтығын арттыру және оның қызметі әлемдегі үздік практикаларға сәйкес келуі үшін қағидатты маңызды болып табылады.

Компаниялар тобының өндірістік процестерінің экологиялық жағдайға әсер етуі туралы мәліметтер құжатта маңызды орын алады. Өндірістің қоршаған ортаға келеңсіз әсерін азайту – ҚТГ компаниялар тобының стратегиялық басымдықтарының бірі.

Есептің елеулі бөлігі Компаниялар тобының еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өз қызметкерлерінің денсаулығы саласындағы іс-әрекеттеріне арналған.

Есепте ҚТГ компаниялар тобының Қазақстанның үздік жұмыс берушілерінің бірінің мәртебесін қолдауға ұмтылысын көрсететін қызметкерлерді әлеуметтік қолдау саласындағы ақпарат берілген.

Есеп ҚТГ компаниялар тобының жергілікті жұртшылықпен өзара қарым-қатынастарын қозғайды: онда әлеуметтік әріптестік қағидаттары, Компания қатысатын аумақтарды датытуға қатысты оның қызметіне негізгі тәсілдер, жүзеге асырылатын әлеуметтік бағдарламалар мен жобалар көрініс тапқан.

Жергілікті қамту

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының сатып алуындағы жергілікті қамту (ЖҚ)

ҚТГ компаниялар тобы бойынша сатып алудың жалпы көлемі 2016 жылы 480,02 млрд теңгені құрады, оның ішінде тауарлар – 288,82 млрд. теңгеге, жұмыстар – 67,63 млрд. теңгеге және қызметтер – 123,57 млрд теңгеге сатып алынды.

Жергілікті қамту үлесі сатып алудың жалпы көлемінде 434,51 млрд. теңгені немесе –91% құрады, оның ішінде сатып алынған тауарлар бойынша – 98%, орындалған жұмыстар – 48% және көрсетілген қызметтер – 95%.



«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының сатып алуындағы жергілікті қамтуды ұлғайтуға бағытталған іс-шаралар бағдарламасы мынадай бағыттарды қамтиды:

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ отандық өндірушілерден (бұдан әрі – Холдинг) ТЖҚ сатып алуға ұзақ мерзімді шарттар жасалды;

Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді Холдинг құрамына кіретін ұйымдардан, Холдинг тауар өндірушілерінің тізілімінде тұрған сатып алынатын тауарлардың тауар өндірушілерінен сатып алуға артықшылық беру;

Отандық тауар өндірушілерге қатысты шартты жеңілдіктерді қолдану жолымен сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру кезінде отандық өндірушілерді ынталандыру;

Холдинг тауар өндірушілерінің тізілімінде тұрған сатып алынатын тауарларды тауар өндірушілер арасында сатып алу рәсімдерін жүргізу;

Анағұрлым аз бағалық ұсынымды ұсынған кезде Холдинг тауар өндірушілерінің тізілімінде тұрған сатып алынатын тауардың тауар өндірушілеріне басымдық беру;

Сатып алу жоспарын (жоспарларын) қалыптастыру үшін Жер қойнауын пайдаланушылар Холдинг ақпараттық деректер базаларын, оның ішінде Холдинг тауар өндірушілерінің тізілімін, сондай-ақ, отандық тауар өндірушілер және олар өндіретін тауарлар туралы мәліметті қамтитын уәкілетті мемлекеттік органның тиісті ақпараттық деректер базасын пайдалана отырып отандық тауарлар нарығы мониторингін жүзеге асырады.

Жер қойнауын пайдаланушылар жұмыстарды сатып алған кезде тендерлік құжаттарда әлеуетті өнім берушілерге жұмыстарды орындау үшін қажетті отандық тауарларды, осындай тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін жағдайда сатып алу бойынша міндеттемелерді әлеуетті өндірушілерге ұсыну туралы талаптар белгіленеді.

Осы Тәртіпке сәйкес сатып алуды өткізген кезде тендерлік құжаттамада Қағиданың 39-тармағының 1), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген міндетті өлшемшарттарды бағалау мен салыстыру көзделеді.

Корпоративтік қауіпсіздік

Корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы объектілерінде корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмыс қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚМГ мен ҚТГ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Қауіпсіздік бағдарламасын іске асыру шеңберінде «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 17.02.2016 жылғы шешімімен (№8 хаттаманың 1-тармағы) корпоративтік қауіпсіздік қызметі құрылды. Бұрын осыған ұқсас қызмет «Азиялық газ құбыры» ЖШС құрылды.

ҚТГ-ның басқа да еншілес және бірлескен бақылаушы ұйымдарында кешенді қауіпсіздік бойынша жұмыс өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау, қоршаған орта қызметіне жүктелген.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының 2015 жылғы 4 тамыздағы № 255 бұйрығымен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қауіпсіздігінің 2015-2017 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы физикалық, ақпараттық, экономикалық және ішкі қауіпсіздік бойынша жұмысты жүргізеді.

Тұрақты негізде қазақстандық және шетелдік тәжірибе, сондай-ақ мүмкін болатын ұсыныстар әзірлеу және уақтылы ішкі құжаттарды өзектендіру мүмкіндіктері үшін отын-энергетикалық кешен объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы зерттейді.

Сыбайлас жемқорлықтың туындауының алдын алу мақсатында ҚТГ-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, Экономикалық қауіпсіздік саясаты мен басқалары әзірленді және бекітілді.

2016 жылы ҚТГ қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық жағдайлары тіркелмеді, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қызметкерлер жұмыстан босатылған және жазаланған емес. Көрсетілген негіздер бойынша қызметкерлермен еңбек шарттары бұзылған емес, қылмыстық істер қозғалмаған. ЕТҰ желісі бойынша ұқсас мәліметтер түскен жоқ және тіркелмеген.

Қауіпсіздік оқиғаларының электронды деректер базасының өзекті жай-күйін қалыптастыру және қолдау бойынша функциялар диспетчерлендіру және газ тасымалдау департаментіне жүктелген. 2016 жылы қауіпсіздік оқиғасы тіркелмеген.

Террористік тұрғыдан осал Қоғамның өндірістік және әкімшілік объектілерін терроризмнен қорғау мақсатында және «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.11.2013 ж. № 1217 қаулысына сәйкес 2017 жылы Объектілердің террористік тұрғыдан қорғалуының паспорттары әзірленді, онда құқық органдарымен және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жоспарлары (схемалары), теракттер жасау қаупі туындаған жағдайда қызметкерлермен іс-қимыл бойынша нұсқаулық қамтылған.

ҚТГ-да ақпараттық қауіпсіздік бойынша саясат әзірленді және бекітілді. ҚТГ-ның қорғалуының ақпараттық қауіпсіздік бөлігінде дәрежесін анықтау үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің тұжырымдамасын әзірлеу шеңберінде «АҚПАРАТҚОРҒАУ» ҰАП ЖАҚ АҚ қамтамасыз ету жүйесін зерттеу жүргізілді.

Зерттеу барысында «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы АТ инфрақұрылымдары сыртқы және ішкі енүлер мәніне тесттерден, сондай-ақ персонал үшін әлеуметтік техникалық тесттен сәтті өтті. Тестілеу нәтижелері бойынша инфрақұрылым жұмысын бұзу және персонал мен серверлер деректерін алу мүмкін болмады. 2016 жылы ақпараттық қауіпсіздік бойынша оқиғалар тіркелмеді.

Қауіпсіздікті жетілдіру бойынша әртүрлі ұйымдық-техникалық іс-шаралар әзірленуде. Лауазымдық тұлғалар күзет ұйымдарының жұмысын кезеңдік тексеріп тұрады, сондай-ақ бірлескен жаттығулар жоспарлануда.

«ҚазТрансГаз» АҚ және ЕТҰ өз қызметінде «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы ұйымдарында қауіпсіздік жүйесін кезең кезеңмен реформалау бойынша іс-шараларды орындайды, Қазақстан Республикасының заңнамасын, өзге де нормативтік құқықтық және нормативтік актілерін, ұйымдар Жарлықтарын, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша бөлімшелер туралы ережелерді басшылыққа алады

Кредиттік рейтингтер

Кредиттік рейтингтер және борыштық қоржынды басқару

FitchRatings **BB+**

STANDARD & POOR'S **BB+**

MOODY'S **Baa3**

2016 жылы Қоғам халықаралық рейтингтік агенттіктермен энергия тасымалдағыштарға әлемдік бағаның едәуір төмендеуі аясында кредиттік рейтингтер деңгейлерінің төмендеуіне жол бермеу бойынша жұмыс жүргізді. 2016 жылы Қоғамның кредиттік рейтингтері мынадай деңгейде расталды: BBB- Fitch Ratings-дан; BB+ Standard&Poor's-дан; Baa3 Moody's Investors Services-тен.


«ҚазТрансГаз» АҚ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ бекіткен, борыштық міндеттемелердің барынша рұқсат етілген деңгейі оған сәйкес анықталған борышты басқарудың 2013-2016 жылдарға арналған орта мерзімді саясатын басшылыққа ала отырып, қарызға қаржыландыру тартуды жүзеге асырады.

2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ҚОҒАМНЫҢ БОРЫШТЫҚ ПОРТФЕЛІ


Қарыз алушы	Кредит беруші	Шарт/шығарым проспектісі бойынша сома	Валюта	Ағымдағы қарыз
«ҚазТрансГаз» АҚ	ҚазМұнайГаз ҰК АҚ	14 881 896 750	KZT	148 197 896 750
«ҚазТрансГаз» АҚ	ҚазМұнайГаз ҰК АҚ	400 000 000	USD	400 000 000
«ҚазТрансГаз» АҚ	Ситибанк Қазақстан АҚ ЕБ / Ситибанк, Н.А. Нассо, Багам филиалы	200 000 000	USD	160 600 000
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	Еврооблигациялар	600 000 000	USD	127 801 000
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	Trinkaus&Burkhardt KGAA / CITIGROUP Global Markets Deutschland AG & CO. KGAA	56 360 678	USD	2 886 940
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	Еуропалық қайта құру және даму банкі	220 000 000	USD	140 000 000
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Еуропалық қайта құру және даму банкі	20 000 000 000	KZT	1 400 218 973
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Қазақстанның Даму Банкі	7 700 000 000	KZT	7 700 000 000
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Қазақстанның Даму Банкі	3 668 071 631	KZT	1 473 897 867
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Қазақстанның Даму Банкі	21 485 004 320	KZT	13 696 794 511
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Қазақстанның Даму Банкі	16 400 000 000	KZT	7 643 346 967
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Қазақстанның Даму Банкі	8 000 000 000	KZT	8 000 000 000
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	КASE-дегі инвесторлар (оның ішінде ҚТТ 3 778 526 000 KZT сомасына)	12 409 636 000	KZT	12 407 696 000
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	КASE-дегі инвесторлар (оның ішінде ҚТТ 10 654 281 000 KZT сомасына)	17 054 125 000		0
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Халықаралық инвесторлар	30 500 000 000	KZT	5 000 000 000

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазТрансГаз» АҚ-ның шоғырландырылған қарызының жалпы мөлшері 1,04 млрд. АҚШ долл. құрады.

ҚМГ ковенанттары	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл
Борыш/ЕБИТДА	1,18	1,68	1,57	2,45	3,29	2,4
Таза қарыз/Таза капиталдандыру	0,11	0,19	0,2	0,2	0,59	0,00
Бос сыйымдылық, мың \$	1 297 675	803 000	982 238	502 103	60 784	495 000



Қарыз алудың еркін сыйымдылығы, мың \$



ҰЕАҚ қалдығы, млн. теңге

Қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

2016 жылдың 31 желтоқсанына

мың теңгемен	2016 жыл	2015 жыл
АКТИВТЕР		
Ұзақ мерзімді активтер	763 666 710	715 649 861
Негізгі құралдар	12 811 916	4 208 567
Барлау және бағалау активтері	3 018 539	1 637 009
Материалдық емес активтер	26 248 798	15 709 491
Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар	1 065 363	770 209
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	27 688 098	26 048 891
Өтелуге жататын ҚҚС	623 852	182 229
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	869 416	3 272 127
Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер	5 309 163	6 048 059
Паудалануға шектелген ақша қаражаттары	40 000	40 000
Банк салымдары	841 341 855	773 566 443
Ағымдағы активтер		
Тауарлық-материалдық қорлар	26 153 959	37 297 449
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	140 154 435	65 725 667
Байланысты тараптарға пайызсыз қарыздар	70 594 716	61 098 669
Берілген аванстар	29 975 432	3 160 857
Өтелуге жататын салықтар	5 934 679	11 258 563
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем	7 428 521	11 166 221
Банк салымдары	32 060 777	12 549 557
Ақша қаражаты мен оның баламалары	61 988 460	19 578 582
	374 290 989	221 835 565
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ	1 215 632 844	995 402 008
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Капитал		
Жарғылық капитал	179 655 175	179 655 175
Қосымша төленген капитал	241 030 926	237 758 675
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	546 149	546 149
Бөлінбеген пайда	144 552 528	69 003 602
	565 784 778	486 963 801
Ұзақ мерзімді міндеттемелер		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	12 776 399	104 252 407
Пайыздық қарыздар	76 235 899	28 311 935
Байланысты тараптардан алынған қарыздар	143 124 023	144 582 380
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	633 295	653 967
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	-	54 354
Резервтер	48 114 205	42 000 254
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	6 396 332	6 695 219
Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	35 816 314	26 352 210
	323 096 467	352 902 726
Ағымдағы міндеттемелер		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	43 346 717	840 870
Пайыздық қарыздар	64 516 504	17 571 534
Байланысты тараптардан алынған қарыздар	25 183 205	25 245 635
Резервтер	26 284 445	26 250 765
Сауда және басқа кредиторлық берешек	156 534 323	73 433 815
Газ қарыздары үшін берешек	1 558 959	941 636
Төленуге жататын қарыздар	3 038 527	3 420 837
Алынған аванстар	6 288 919	7 830 389
Өзге ағымдағы міндеттемелер	326 751 599	155 535 481
Капитал мен міндеттемелер жиыны	1 215 632 844	995 402 008

Жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есеп

2016 жылдың 31 желтоқсанына

мың теңгемен	2016 жыл	2015 жыл
Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен кірістер	501 958 495	374 319 323
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны	(348 453 622)	(277 605 060)
Жалпы пайда	153 504 873	96 714 263
Жалпы әкімшілік шығыстар	(34 085 402)	(27 339 503)
Басқа операциялық кірістер	7 440 302	11 365 124
Басқа операциялық шығыстар	(3 688 783)	(8 840 880)
Операциялық қызметтен болған пайда	123 170 990	71 899 004
Қаржылық кірістер	13 247 026	7 991 115
Қаржылық шығындар	(27 210 248)	(26 096 094)
Бірлескен кәсіпорындардың (шығынындағы) / табыстағы үлес	(3 456 173)	(60 500 985)
Теріс бағамдық айырма, нетто	2 175 101	(101 242 892)
Салық салынғанға дейін табыс / (шығыс)	107 926 696	(107 949 852)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(26 531 702)	(1 534 705)
Бір жылғы таза табыс / (шығын)	81 394 994	109 484 557
Басқа да жиынтық кіріс	110 650	461 606
Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамында қайта жіктелуге жататын жиынтық кіріс		
Есептілік валютасын қайта есептеу	-	-
Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамында қайта жіктелуге жататын жиынтық кіріс		
Белгіленген төлемдері бар жоспарлар бойынша актуарлық пайда	138 312	577 007
Табыс салығының ықпалы	(27 662)	(115 401)
Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын таза жиынтық кіріс	110 650	461 606
Табыс салығы шегерілген бір жылғы жиынтық (шығын) / табыс жиыны	81 505 644	(109 022 951)

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

2016 жылдың 31 желтоқсанына

мың теңгемен	2016 жыл	2015 жыл
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары		
Салық салынғанға дейінгі кіріс / (залал)	107 926 696	(107 949 852)
Мыналарға түзетулер:		
Тозу және амортизация	28 802 223	25 655 040
Қаржылық шығындар, нетто	13 963 222	18 104 979
Бірлескен кәсіпорындардың шығынындағы үлес	3 456 173	60 500 985
Газды тасымалдау шығыстары бойынша берешектегі өзгеріс	(451 720)	11 484 510
Қызметкерлердің пайдаланылмаған демалыстары мен сыйлықақылары бойынша резервтегі өзгеріс	(1 681 039)	1 147 493
Күмәнді борыштар, берілген аванстар, ескірген және өтпейтін ТМҚ бойынша резервтегі өзгеріс, нетто	3 106 119	177 357
Салық активтерінің құнсыздануы және салықтар бойынша резервті есептеу	11 038 252	1 398 050
Болашақ кезеңдер кірістерінің амортизациясы	(360 260)	(378 194)
Қызметкерлерге берілген тұрғын үй өтемақыларының амортизациясы	-	1 144 159
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді өткізуден болған зиян / (пайда)	627 016	(202 711)
Негізгі құралдардың құнсыздануына резервті (сторнирлеу) / есептеу	(1 902 866)	5 131 261
Міндеттемелерді қықартудан түскен кіріс	-	(2 038 449)
(Оң) / теріс бағамдық айырма	(437 842)	109 015 210
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық пайда	164 085 974	123 189 838

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (жалғасы) 2016 жылдың 31 желтоқсанына

мың теңгемен	2016 жыл	2015 жыл
Тауар-материалдық қорлардағы өзгеріс	8 702 226	(16 159 181)
Сауда және өзге дебиторлық берешектегі өзгеріс	(76 410 895)	(4 579 889)
Берілген аванстардағы өзгеріс	(26 956 285)	900 022
Өтеуге жататын салықтардағы өзгеріс	(6 803 388)	(6 272 047)
Сауда және өзге кредиторлық берешектегі өзгерістер	82 390 062	7 887 287
Жұмыскерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелердегі өзгерістер	65 331	(67 458)
Төленетін салықтардағы өзгеріс	409 358	(366 544)
Алынған аванстардағы өзгеріс	(382 310)	(226 197)
Өзге де ағымдағы міндеттемелердегі өзгеріс	(390 433)	(2 773 481)
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелердегі өзгеріс	(38 996)	43 801
Операциялық қызметтен ақша қаражатының түсімі	144 668 644	101 576 151
Төленген пайыздар	(14 983 378)	(17 230 911)
Төленген табыс салығы	(10 275 992)	(8 166 570)
Банк салымдары бойынша алынған пайыздар	5 193 946	3 759 889
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары	124 603 220	79 949 539
Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағындары		
Банк салымдарын (орналастыру) / қайтарып алу	(23 010 040)	88 792 390
Пайдалануда шектелген ақша қаражатының (қайтарып алу) / орналастыру	738 896	(1 869 913)
Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар	(11 440 207)	(36 839 415)
Байланысты тараптар өтеген пайызсыз қарыздар	2 231 151	102 930
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатып алу	(87 458 887)	(57 060 572)
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатудан түсетін түсім	80 764	7 390 325
Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар	(10 539 307)	(14 120 498)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары	(129 397 630)	(13 604 753)
Қаржылық қызметтен түсетін ақша ағындары		
Банк қарыздары мен борыштық бағалы қағаздар бойынша түсімдер	253 752 758	89 811 140
Байланысты тараптардан қарыздар бойынша түсімдер	-	148 969 800
Меншік иелерінің жарналары	-	11 427 285
Банк қарыздарын және борыштық бағалы қағаздарды өтеу	(206 136 311)	(303 483 661)
Қаржылық қызметтен болған / (пайдаланылған) таза ақша ағындары	47 616 447	53 275 436
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс	42 822 037	13 069 350
Таза бағамдық айырма	(412 159)	1 877 460
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	19 578 582	4 631 772
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	61 988 460	19 578 582

Корпоративтік басқару кодексі

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексі қағидаттарының сақталуы туралы 2016 жылғы есеп

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексі 2015 жылы жаңа редакцияда бекітілді. «ҚазТрансГаз» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексі ҚР Үкіметінің 15.04.2015 ж. № 239 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ корпоративтік басқару кодексінә сәйкес әзірленді.

КОДЕКСТІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жалғыз акционер ретінде;
- «ҚазТрансГаз» АҚ және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасасу. «ҚазТрансГаз» АҚ-ның акционер/қатысушы ретіндегі рөлі;
- Орнықты даму;
- Жалғыз акционердің құқықтары мен Жалғыз акционерге әділетті қарым қатынас;
- Директорлар кеңесінің және атқарыш органның тиімділігі;
- Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит;
- Ашықтық.

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР РЕТІНДЕ

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның (бұдан әрі - Қоғам) Жалғыз акционері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ болып табылады.

Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғам Жарғысымен және Қоғам Директорлар кеңесінің өкілдігімен көзделген Қоғам жалғыз акционерінің өкілеттіктерін айрықша іске асыру арқылы Қоғамды басқаруға қатысады.

Жалғыз акционердің құқықтарын жүзеге асыру тәртібі «ҚазМұнайГаз» АҚ Басқармасының 06.06.2014 жылғы шешімімен бекітілген (№ 60 хаттама) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционері (қатысушысы) құқықтарын жүзеге асыру қағидаларына сәйкес айқындалған.

Қоғам Жалғыз акционерінің функциялары Қоғам Жарғысында анық айқындалған және оның функцияларын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орындайды:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысының 13-бабы 98-тармағының 50) тармақшасында көзделген мәселелер бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі;

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғымен айрықша мәселелерге жатқызылған мәселелерді қоспағанда Қоғам Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған қызмет мәселелері бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы.

«ҚАЗТРАНСГАЗ» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ БІРЛЕСІП БАҚЫЛАНАТЫН ҰЙЫМДАРЫМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАСУ. «ҚАЗТРАНСГАЗ» АҚ-НЫҢ АКЦИОНЕР/ҚАТЫСУШЫ РЕТІНДЕГІ РӨЛІ

Қоғамда және оның еншілес және бірлескен-бақылау ұйымдарында корпоративтік басқару жүйесі олардың қызметін тиісті басқаруды және бақылауды қамтамасыз етеді және ұзақ мерзімді құнының және орнықты дамуының өсуіне бағытталған.

Акционердің/қатысушының құқықтарын іске асыру арқылы, сондай-ақ Директорлар кеңестеріндегі және Байқаушы кеңестеріндегі өкілдіктер арқылы еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарды басқаруға қатысады.

Акционердің/қатысушының өкілеттіктері еншілес және бірлесіп-бақыланатын ұйымдардың Жарғыларында айқындалған және толық мөлшерде корпоративтік басқару талаптарына және стандарттарына сәйкес келеді.

Қоғам қажетті деңгейде Қоғам жүзеге асыратын басқару мен еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдардың өз қызметін жүзеге асыру үшін жедел шешім қабылдауы арасындағы теңгерімді қамтамасыз етеді.

ОРНЫҚТЫ ДАМУ

Бизнестің орнықты дамуы – кәсіпорынды дамытудың керемет стратегиясы, оның арқасында бәсекелік ортадағы компанияның сәтті ұзақ жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі.

Компанияның орнықтылығы – бұл бизнестің мынадай бағыттарда нарық үшін анағұрлым тартымды көрінетін бизнестің қабілеттілігі: қауіпсіздік (өндірістік және экологиялық), жауапкершілік (өңірлер тұрғындары және компания қызметкерлері алдындағы компанияның әлеуметтік тартымдылығы); өндірістің экологиялығы (пайдаланылатын ресурстарды сақтау және шығару).

2013 жылдан бастап ҚТГ-да GRI нұсқаулығына сәйкес дайындалған орнықты даму саласындағы есеп (Есеп) жарияланады. Есепте орнықты даму тұрғысынан қызметтің мынадай анағұрлым елеулі аспектілері қозғалған: мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл, қоршаған ортаны күзету және еңбекті қорғау мен өндіріс қауіпсіздігі, адами капиталды дамыту, Компаниялар тобы орналасқан өңірлерді дамытуға инвестициялар.

Есепте мүдделі тараптармен кеңейтілген диалогқа айтарлықтай назар аударылған – бұл мәселелер Компаниялар тобының айрықшалығын арттыру және оның қызметінің ең жақсы әлемдік тәжірибеге сәйкестігі үшін қағидаттық маңызды болып табылады.

Құжатта Компаниялар тобы өндірістік процестерінің экологиялық жағдайға әсері туралы мәлімет маңызды орынға ие. Өндірістің қоршаған ортаға теріс әсерін төмендету – Компаниялар тобы стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады.

Есептің маңызды бөлігі Компаниялар тобының еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өз қызметкерлерінің денсаулығын сақтау саласындағы әрекеттеріне арналған.

Есепте Компаниялар тобының Қазақстанның ең үздік қызметкерлерінің бірі мәртебесін қолдауға ұмтылысын бейнелейтін қызметкерлерді әлеуметтік қолдау саласындағы ақпарат ұсынылған.

Есеп Компаниялар тобының жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимылын қозғайды: онда әлеуметтік әріптестік қағидаттары, Компанияның әлеуметтік бағдарламалармен және жобалармен жүзеге асырылатын олар орналасқан аумақтардың дамуына қатысты қызметіне негізгі тәсілдері көрсетілген.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРГЕ ӘДІЛЕТТІ ҚАРЫМ ҚАТЫНАС

Қоғам Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды және оған әділетті қарым қатынасты қамтамасыз етеді.

Қоғам Жалғыз акционерінің құқықтары, міндеттері мен құзыреттілігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған жән Қоғамның Жарғысында бекітілген.

Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Жалғыз акционердің және Қоғам Директорлар кеңесінің өкілдігі құқықтарын іске асыру арқылы Қоғамды басқаруға қатысады.

Қоғам Жалғыз акционердің назарына мыналар арқылы өз қызметі туралы ақпаратты жеткізеді:

- Қоғамның жылдық есебі;
- Қоғамның интернет-ресурстары;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам жарғысында белгіленген тәртіпте Жалғыз акционердің сұраулары бойынша;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсы;
- Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес өзге тәсілдер.

Жалғыз акционерге ашылатын ақпарат тізбесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 79-бабында келтірілген.

Жалғыз акционер сұрататын ақпаратты Қоғам белгіленген мерзімде және толық көлемде ұсынады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ОРГАННЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қоғам директорлар кеңесінің қызметі Қоғам Жарғысымен және Директорлар кеңесі туралы ережемен регламенттелген. Директорлар кеңесі Жалғыз акционерінің және атқарушы органның айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

2016 жылы Қоғамның Директорлар кеңесімен 55 отырыс өткізіліп, 161 мәселе қаралған болатын.

Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметі мынадай қағидаттарға негізделіп құрылады: Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау және Жалғыз акционер мен Қоғамның мүдделерін іске асыру; Жалғыз акционердің құқықтары мен Қоғамның қызметіне қатысты жауапкершілігін қорғау.

Қоғамның Директорлар кеңесі бес директордан тұрады, оның үшеуі Жалғыз акционердің өкілдері болып табылады және екеуі – тәуелсіз директорлар. Тәуелсіздік өлшемдері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибемен айқындалған.

Қоғамның Директорлар кеңесі функцияларының тиімді орындалуы мақсатында, аса маңызды мәселелерді қарау және ұсынымдар дайындау үшін Директорлар кеңесінің жанында үш комитет жұмыс істейді:

- Аудит жөніндегі комитет;
- Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет;
- Стратегия жөніндегі комитет.

2016 жылы Аудит жөніндегі комитеттің 28 отырысы өткізілді, онда 65 мәселе қаралды, Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің 15 отырысы өткізілді, онда 29 мәселе қаралды, Стратегия жөніндегі комитеттің 27 отырысы өткізілді, онда 46 мәселе қаралды.

Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма төрағасы басқаратын Басқарма нысанындағы алқалы орган жүзеге асырады. Қоғамның Басқармасының жұмысы (бұдан әрі – Басқарма) Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтауға, сондай-ақ Қоғамның міндеттерін орындауға және оның стратегиясын іске асыруға бағытталған.

2016 жылы Қоғамның Басқармасымен 44 отырыс өткізіліп, 225 мәселе қаралды. Басқарманың қызметі 2014 жылы Қоғамның Жарғысымен және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген жаңа редакциядағы Басқарма туралы Ережемен регламенттелген.

Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары: адалдылық; ақ ниеттілік; парасаттылық; қырағылық; тұрақтылық болып табылады. Басқарма жанынан құрылған Топтың тәуекелдерін корпоративтік басқару саласында шешімдер қабылдау кезінде ҚТГ Басқармасына жәрдем көрсететін Тәуекелдер жөніндегі комитет, өзінің екі отырысында Қоғамның өндірістік, операциялық және қаржылық процестері аудитінің нәтижелері бойынша берілген ұсынымдардың орындалу пост-аудиті бойынша Іс-қимылдарды түзету жоспарының орындалуын қарады.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ

«ҚазТрансГаз» АҚ (бұдан әрі – ҚТГ) Директорлар кеңесінің 7.10.2016 ж. шешімімен (№43 2-т.) ҚТГ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының 2016 жылға арналған тәуекелдерін басқару бағдарламасы бекітілді.

ҚТГ-ның және оның ЕТҰ тәуекелдерді басқару бағдарламасы «ҚазТрансГаз» АҚ-ның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін және тәуекелдер бойынша жауапкершілікті бекіту үшін қалыптастырылған.

ҚТГ АҚ-да 65 тиістілік тәуекелдері теңдестірілді, оларға ҚТГ-ның және оның ЕТҰ тәуекелдер жіктеуішіне сәйкес тәуекелдер коды берілген, тәуекелдер иелері айқындалып, тәуекелдерді азайту жөнінде іс-шаралар әзірленген.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы бойынша 21 негізгі тәуекелдер теңдестірілді және олар «ҚазТрансГаз» АҚ-ның Негізгі тәуекелдер картасында көрсетілген.

2016 ж. 8 ақпаннан бастап 2 наурыз кезеңінде тәуекелдерді басқару мәселесі бойынша ҚТГ-ның және оның ЕТҰ барлық құрылымдық бөлімшелерінің негізгі қызметкерлеріне сұхбат жүргізілді:

- 1) ҚТГ компаниялар тобының мақсаттарына қол жеткізуге әсер етуі мүмкін тәуекелдер теңдестірілді;
- 2) тәуекелдер іске асырылған жағдайда залалдың әлеуетті мөлшерлері айқындалады.

Қоғамның органдары мен қызметкерлері сақтайтын ішкі бақылау рәсімдері, құжаттамалық бекітілген іс-шаралар жүйесі және Қоғамның мақсаттарын, міндеттері мен жоспарларының орындалуына тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ету, стандартты емес операцияларды анықтау және оларды жасау, сондай-ақ тәуекелдердің және Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан ықтимал құқыққа қайшы іс-қимылдарының алдын алу, шектеу және болдырмау жөніндегі іс-қимылдар болып табылады.

ҚОҒАМНЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕР МӘДЕНИЕТІН ЖЕТІЛДІРУ

ҚТГ-ның және оның ЕТҰ мақсаттарына қол жеткізуге келеңсіз әсер етуі мүмкін тәуекелдер жөніндегі комитеттің жұмысы, барлық маңызды оқиғалар күшейтілді.

Шартты міндеттемелер жөніндегі қағидалар бекітілді, олар практика жүзінде ҚТГ-ның және оның ЕТҰ резервтерін құру жөніндегі үдерістің енгізілуін регламенттейді.

ҚТГ компаниялар тобының тәуекелдерін сақтандыруды ұйымдастыру жөнінде жұмыстар жүргізілді. Тәуекелдерді сақтандыру жөнінде оқыту тренингтері ұйымдастырылды.

Өндірістік, операциялық және қаржылық процестерге жүргізілген аудиттің нәтижелері бойынша берілген ұсынымдардың орындалу мониторингі жүзеге асырылды, орындалуы – 100 %.

Қаржылық тәуекелдер бойынша есептілік пакеті қалыптастырылды – тоқсан сайынғы мониторинг мыналар бойынша жүргізіледі:

- елдер тәуекелдері бойынша лимиттерді сақтау;
- банктер-контрагенттерге арналған міндеттемелер бойынша лимиттер;
- валюталық тәуекелдер;
- валюта бөлігіндегі пайыздық алшақтықтар.

АШЫҚТЫҚ

Қоғам оның қызметіне қатысты, оның ішінде оның қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері, меншік құрылымы мен Қоғамды басқару туралы барлық маңызды фактілер туралы дұрыс ақпараттың және корпоративтік басқарудың алдыңғы қатарлы тәжірибесіне сәйкес және 2013 жылы Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілген ақпараттық саясат туралы ережесіне сәйкес өзге де ақпараттың уақтылы ашылуын қамтамасыз етеді. Осы ақпарат Қоғамның ресми интернет-сайтында жарияланды.

ГЛОССАРИЙ

Қысқартулар мағынасы

АГТКС – авто газ толтырушы компрессорлық станциялар

АГРС – автоматтандырылған газ таратушы станция

АГҚ – «Азиялық Газ құбыры» ЖШС

ЭРЕАЖ – Энергоресурстарды есеп алу автоматты жүйесі

УБАҚ – уақытша бос ақша қаражаты

БШГҚ – «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС

ГРП – газ реттеуші пункт

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы – «ҚазТрансГаз» АҚ мен оның ЕТҰ

ЕТҰ – еншілес ұйымдар мен тәуелді қоғамдар

СКС – сығымдаушы компрессорлық станция

БГЖ – бірыңғай газбен жабдықтау жүйесі

ЕҚББЖ – еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі

ИМЖ – интеграцияланған менеджмент жүйесі

КС – компрессорлық станция

КШО – командалық-штабтық оқу-жаттығулар

ҚМГ/ҚазМұнайГаз – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

ҚХР – Қытай Халық Республикасы

ҚТГ/Қоғам/ҚазТрансГаз – «ҚазТрансГаз» АҚ

ҚТГА – «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ

ҚТГӨ – «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС

СТГ – сығымдалған табиғи газ

ТМРЖБҚК – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті

МГ – магистральдық газ құбыры

ҒТК – Ғылыми-техникалық кеңес

ЖГҚ – жерасты газ қоймасы

ГРБП – газ реттеуші блокты пункт

ЖСҚ – жобалау-сметалық құжаттама

ГШЕП – газ шығынын есептеу пункті

СМЖ – сапа менеджменті жүйесі

ӨМТЫ – өзіндік мұқтаждар және технологиялық ысырыптар

ТТР – тауар-көлік жұмысы